



**Адамның
тәні қартайса
да, жаны
қартаймай
керек**

3



**Балалар
әдебиеті:
бір жылда
не бітіруге
болады?**

5



**Театр –
тәрбие
мектебі**

6



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

АҚМЕШІТ

жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан



№ 14 (395)
8 сәуір, 2021 жыл

12 сәуір – халықаралық авиация және ғарышкерлер күні

Ерасыл Тілеужанұлы, Азаматтық авиация академиясының аға нұсқаушысы:

Әуе жолаушыларының өмірі біздің жауапкершілігімізде

– Ерасыл, әңгімемізді авиация саласына келген уақыттан бастайықшы. Ең алғаш көкке көтерілген сәт әлі де есіңізде болар... Қандай ұшақпен, қай кезде, қанша уақыт ұштыңыз?

– Мектеп бітірер тұста авиацияға барамын деп шешім қабылдадым. Солай өмірімді әуе саласымен байланыстырдым. 2012 жылы Алматыдағы Азаматтық авиация академиясына оқуға түстім. 2014 жылы Қазақстан мен Финляндия арасында ұшқыштарды даярлау жөніндегі меморандумға қол қойылып, академияның II және III курс студенттері арасында Финляндия еліндегі Patria pilot training оқу орнына грант ұсынылды. Әрине, академия арнайы байқау жариялап, оны жеңген білім алушылар ғана грантқа ие болып, Финляндияға бара алатын еді. Грантқа үміткерлер көп болды. Бәсекелестер де жетерлік.

Солай мен де байқауға қатысып, жеңімпаздар қатарына қосылдым. Алғаш рет көкке Фин елінде көтерілдім. Хельсинки қаласының Мальми аэдромында италияндық қозғалтқышы орналасқан Теспап Р-2002 jf ұшағымен әуеге самғау мен үшін үлкен мәртебе болды. Көк аспанға алғаш рет көтерілген сәтім жадымда мәңгі жылы естелік болып сақталып қала берері сөзсіз.

– Авиация саласына келмес бұрын түлектер үш деңгей бойынша сыналады екен. Осы жайында кеңірек айтып беріңізші... Студенттер үшін қай кезеңнен өту қиын соғады?

– Өздеріңіз білесіздер, Азаматтық авиация академиясы – Қазақстандағы әуе саласын оқытатын бір ғана оқу орны. Бұл жерге мектеп түлектері ҰБТ тестінен өтіп, құжат тапсырады. Дегенмен, әуе компанияларында тәжірибеден өту және



оқуға қабылданарда, Air Astana компаниясында голландиялық мамандармен сұхбаттастым.

Эмоционалды тұрғыда қиын болды. Сонымен қатар, авиация саласында жұмыстың бәрі орыс және ағылшын тілінде жүргізіледі. Сондықтан түлектер үшін тіл білу де өте маңызды.

– Осы салаға келген сәтте сізді не таң қалдырды? Авиацияның біз білмейтін беймәлім тұстарымен бөлісіңізші...

– Ең алдымен, авиацияға бүкіл ғылым салалары керек екені мені таң қалдырды. Әсіресе, биология, химия, физика пәндерін білу аса қажет. Біреуін түсінбесеңіз болмайды. Себебі, ұшқыш – өмір бойы білімін жетілдіріп отыратын маман. Бұл – мұқтаждық. Біз әуе кемесімен жүздеген, мыңдаған адамдарды тасымалдаймыз. Олардың өмірі – біздің жауапкершілігіміз. Сондықтан физика, химия, биология, медицина саласы бойынша біліміміз жетік болуы тиіс. «Әуе көлігі неліктен «былай» істеді?», «Егер

оқып бітіру мүмкін емес. Ал авиация саласының беймәлім тұстары, ішкі жүйесі құпия түрде қалу керек...

– Әуе жолында кәдімгі көлік жүретін көшелер тәрізді ұшақтың да өзіндік жолы болатыны айтылады. Бұл қаншалықты рас?

– Иә, аспанда арнайы бағытталған әуе жолдары бар. Бірақ олар бізге үйреншікті жолдар емес. Олар көпір тәрізді бір-бірінің үстінен өтеді.

– Осы саладағы ережеге сүйенсек, бір ұшақты тізгіндеген адам екінші ұшаққа отыра алмайды. Өйткені екінші ұшақтағы жүйе мүлдем басқа болады екен. Жалпы бір ұшақты толық меңгеру қанша уақытқа созылады? Өзге де ұшақтардың тілін білу үшін арнайы курстан өту керек пе?

– Бір ұшақтан келесі түріне ауысу аса бір қиын дүние емес. Негізі оқудың type rating және class rating деп аталатын 2 түрі болады. Type rating – белгілі бір

Оқу орнында, тәжірибе алмасу барысында студенттерге қанша сағат ұшу міндеттеледі?

– Халықаралық заң бойынша авиацияда білім алатын әрбір студент оқуды бітіргенше 200-ден аса сағат ұшу керек. Оқу орнында білім бағдарламасының модульдік және интегралды түрі болады. Модульдік бағдарламада студент ең алдымен rpl, содан кейін srl рұқсат қағазын алады. Осылай кедергісіз ұшуды үйрене бастайды.

– Ал ұшқыш болу үшін жастардың бойында қандай қасиет болу керек?

– Көбіне оқуға қабылданған түлек әлі бала мінезді, яғни алып-ұшпа болады. Олардан салмақтылықты күтпейміз. Білім беру барысында оларды ұшқышқа тән ең маңызды қасиеттерге баули бастаймыз. Себебі ұшқыштар кез келген сәтте жауапкершілікпен шешім қабылдай алу керек. Көпке



жұмысқа орналасу үшін еуропалық және бүкіләлемдік ережелерге сәйкес үш кезең өткізіледі. Біріншісі – SHL емтиханы, онда болашақ мамандар математика және логикалық тапсырмаларды орындайды. Екінші кезең – «Компас». Оны Air Astana компаниясы өткізеді. Үшінші кезеңде сырттан келген сарапшылар, авиация компания өкілдері студентпен сұхбаттасады. Менің ойымша, ең қиыны – сұхбаттасу кезеңі. Себебі, ол жерде мықты мамандар мен психологтар болады. Психологтар адамның жан дүниесін, ішкі толқынысын тап басады ғой. Сөз арасында өтірік айтсаңыз, бірден біліп қояды. Мен

осындай жағдай туындаса мен не істеймін?» деген сынды сұрақтардың жауабын білуім керек. Оған, әрине, атап өткен салалардағы білімім жауап береді. Сондықтан ұшқыш жан-жақты, білімді болуы тиіс. Мысалы, менің авиация саласында жүргеніме биыл жеті жыл толады. Әлі күнге дейін кейбір білмейтін нәрселеріме қайран қаламын. Өйткені бәрін

ұшақтың маркасын, түрін оқу. Себебі әрбір үлкен ұшақтың type rating-i болады. Ал Class rating кіші авиацияда қолданылады. Мысалы, сер – бір қозғалтқышы бар кішігірім ұшақ. Осындай класы бар ұшқыштың сынақтан өткеннен кейін кез келген кішігірім ұшақпен ұша беруіне болады.

– Ұшқыштың шеберлігі оның дер кезінде шешім қабылдаған сәтімен және ұшу сағаты бойынша сыналады.

топырақ шашқаным емес, бірақ кейбір студенттер осындай маңызды сәттерде батыл бола бермейді. Бірақ уақыт өте келе саламен танысып, ортаға үйрене бастайды. Жалпы ұшқыш боламын деген әрбір жас тілімпаз, әуесқой, таңдауына нық сенімді болса жеткілікті.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Байқоңыр: ресейде ме, әлде Америка ала ма?

Еліміз үшін үшін ғарыш саласының орны ерекше. Әсіресе Қызылорда халқы үшін. Өйткені адамзатты аспан әлемімен байланыстыратын баспалдақ біздің өңірде. Осындай аймақтың иесі болудың қандай артықшылығы бар? Байқоңырдың болашағы қандай деген сұраққа жауап іздедік.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

Биыл Байқоңырдан тұңғыш ғарыш ракетасының ұшырылғанына – 60 жыл. Алғашында Байқоңыр ғарыш айлағы «Қызылорда-50», «Ташкент-90», «Заря», «Тайга» сынақ полигоны деген атаумен аталған. Мұндағы мақсат – ғарыш айлағын құпия түрде дамыту еді. Кейіннен аймақтың ғылыми-техникалық әлеуеті артқан соң, 1955 жылы «Байқоңыр» ғарыш кешенінің іргетасы қаланды. Сөйтіп, әлемдегі алпауыт мемлекеттердің таңданысын тудырып, бірінші және ең қуатты ғарыш айлағына айналды.

АДАМЗАТТЫҢ ҒАРЫШҚА ҰШҚАНЫНА – 60 ЖЫЛ

Ғарышқа адам жібермес бұрын ол жаққа төрт аяқтылар жіберілгені белгілі. 1960 жылдың тамыз айында бортында Белка және Стрелка иттері отырған "Восток" кеңес кемесі ғарышта бір тәулік бойы ұшып, жерге оралды. Осы тәжірибеден соң, 1961 жылы 12 сәуірде адамзат тарихында үлкен жетістік саналатын «Восток» ғарыш кемесімен Юрий Гагарин ғарышқа ұшты. 108 минутқа созылған сапар ғарышты игеруде үлкен қадам болды. Сол күннен-ақ Юрий Гагариннің есімі әлемге танылып, Кеңес Одағының батыры атағын алды. Ал ғарышқа алғашқы халықаралық сапар 1975 жылы 15 шілде "Союз-19" және америкалық "Аполлон" кемесінің көмегімен жүзеге асты.

XXI ғасырға қадам басқалы ғарыш техникасы жоғары жетістіктіктерді бағындырып, жердің айналасын мыңдаған спутник шарлады. Ғарыш аппараттары Айға емін-еркін қонып, сол жақтан грунт үлгісін түсіреді. Бұдан өзге Марс пен Венераға да автомат зондтар қонып, бірнеше ғарыш аппараты Күн жүйесінен тыс жерді шарлауда. Мұндай жетістікке адамзат «Байқоңыр» ғарыш айлағының көмегімен қол жеткізді. Бірақ тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин ұшқаннан бері қанша жыл бойы қазақ баласының жолы ғарышқа түскен жоқ еді. Ел тәуелсіздігін жариялаған соң 1991 жылы 2 қазанда алғашқы қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшып, ел абыройын асқақтатты. Қазақтың тұңғыш ғарышкері аман-есен жерге оралғаннан кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елімізде ғарыш агенттігі жұмыс істейтінін жариялап, сол күннен бастап ғарыш саласын игерудің жаңа белесі басталды.

БАЙҚОҢЫР ҚАЗАҚҚА НЕ БЕРЕДІ?

Әлемдегі ең ірі «Байқоңыр» ғарыш кешенінің Қазақстан топырағында орналасуы елімізге бірегей бәсекелестік артықшылық беріп қана қоймай,

ғаламдағы жетекші ғарыш державаларының қатарынан орын алуға мүмкіндік береді. Қазақстан ғарышының толайым табысы мен оның әлемдік ғарыш нарығымен ықпалдасуы халықаралық байланыстардың нәтижелілігіне байланысты. Сондықтан Қазақстан осы салада жетекші орын алатын агенттіктермен және Ресей, Беларусь, Украина, Израиль, Франция, Қытай, Үндістан, Жапония, Германия, Корея Республикасы, БАӘ, Сауд Арабиясы, Тайланд, Ұлыбритания сынды елдермен ынтымақтастықты дамытуда. Одан бөлек, «Байқоңыр» ғарыш айлағы іске қосылған күннен бастап, 65 жылда түрлі мақсаттағы 1500-ден астам ғарыш аппараты ұшырылған.

Бүгінде ғарыш қызметінің стратегиялық бағыты Қазақстанды үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген. Ғарыш саласына қатысты төрт ірі жобаны іске асыру көзделген. Атап айтқанда, «KazSat» байланыс және ақпарат тарату жүйесін құру, Жерді қашықтан зондтаудың ғарыштық жүйесін құру, «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш-зымыран кешенін құру және Ғарыш аппаратын құрастыру-сынау кешенін іске қосу жұмысы жүргізілді. «Байқоңырдан» 2011 жылы ұшырылған «KazSat-2» ғарыш аппаратын Қазақстан тарапы толық пайдалануға қабылдап алды. Одан кейін «KazSat-3» іске қосылды. Бүгінгі таңда осы аталған отандық жер серігі мақсатына сай жұмыс жүргізуде. Еліміздің негізгі байланыс операторы қызметін аталмыш спутник арқылы жүргізуде.

Елімізде Ұлттық ғарыш агенттігі Нұрсұлтан Назарбаевтың 2007 жылғы 27 наурыздағы Жарлығымен құрылған. Бүгінде айтулы агенттік отандық ғарыш саласының сапасын жоғарылатып, озық технологиялық секторды қалыптастыру бағытында тың жобаларды жүзеге асыруда.

Байқоңыр ғарыш айлағының бірден-бір пайдасы өз жер серігімізді ұшырумен қатар, тәуелсіздігін кеше жариялаған мемлекеттердің қолынан келе бермейтін 3 ғарышкерімізді ғарышқа ұшырдық. Бұл да үлкен табыс.

• Қазақстанның Халық қаһарманы Талғат Мұсабаев ғарышқа үш рет ұшты. Ол бірінші сапарында, 1994 жылы, ғарышта 126 күн болды. Ал екінші рет ұшқанда ғарышта 208 күн болып, ерекше ерлік көрсетті. Қазақ ғарышкері корабль бортынан ашық ғарыш кеңістігіне бес рет шығып, 30 сағат 8 минут аспан аясында қалықтады. Осындай көрсеткішімен Гиннестін рекордтар кітабына енгізілген Т.Мұсабаев 2001 жылы тағы бір мәрте ғарышқа ұшты.

ШӘКІРТТЕРІММЕН МАҚТАНАМЫН

«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім» деп Мұхтар Әуезов айтқанындай, егемен елдің келешегі кемел білім мен ұлағатты тәрбиеге байланысты.

“Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен



олады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық” (Абай). Сол себепті әр баланың бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, ақылдылықты, ғылымға деген қызығушылықпен қатар дарындылығын тани білу керек. Баланың дарынына қарай дамуына бағыт-бағдар беру ұстаздардың міндеті деп түсінемін. Ол үшін студенттермен жұмыс жасап, олардың қоғамға қажет екенін ұғындырып, биік белестерге ұмтылуына себепкер болып, ата-анасымен тығыз байланыса отырып тәрбиелейміз.

«Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық үлгісі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру» делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында. Сондықтан тәрбиенің ең маңызды түрінің бірі – ең алдымен өз халқын, өз

Отанның сүюден басталуы ел ұрпағын дұрыс бағытта тәрбиелеу деп түсінемін.

Қазіргі таңда мен Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі бірінші курс студенттеріне жетекшілік етуді қолға алдым. Колледжде №23 топ, яғни «Токарлық ісі және металл өңдеу» мамандығы бойынша тәлім алатын студенттерімнің аяқ алысы әзірге қуантады.

Саналы да, ұлтжанды, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндет. Өзім жетекшілік ететін топтағы ұл-қыздың рухы биік болуымен қатар ел қорғайтын, елдіктің туын биік ұстап, соның дамуына үлес қосатын азамат болып өсуіне өз үлесімді қоссам деймін. Топта зор үміт күттіретін студенттерім де баршылық. Мысалы, Айбек Әсілбек спорт саласынан белсендірек, ал Мейрамбек Оспанұлы облыстық Жайдарманда ойын көрсетіп жүр. Хожатұлға Исмоилов пен Мейрамбек Сейітхан аудандық жайдарманнан өнер көрсетсе, Дәуіржан Құрманбай өзінің қоңыр дауысымен ән салады. Нұртөре Мағауия мен Сапарбек Сейітхан студенттермен жұмыс жасап, олардың қоғамға қажет екенін ұғындырып, биік белестерге ұмтылуына себепкер болып, ата-анасымен тығыз байланыса отырып тәрбиелейміз.

«Тіл өлмейді, алайда тілді қолдамаса, дамымайды» дегендей, өзін поэзияға жақын болғандықтан, студенттердің де поэзияны сүйгені мені қуантады. Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына байланысты студенттермен «Шәмілге жазылған хаттар» атты онлайн поэзия кешін өткіздік. Руханиятқа қызмет қылу маған зор шабыт сыйлайды.

Айару ҚАЛМАН, Жаңақорған ауданы

“СЫР ҮМІТІНІҢ” КУБОГІ

Облыстық “Жастар ресурстық орталығында” “JAIDARMAN CUP QYZYLORDA” сайысы өтті. Сайыста “Сыр үміті” жастар қауымдастығының арнайы кубогі тігілді. Облыстық әзіл сайысында 14 команда бақ сынасты. Ойын жергілікті “Qyzylorda” арнасының эфирі арқылы көрерменге жол тартады.



Жайдарман сайысында үздік ойын көрсеткен №187 мектеп командасына облыстық мәслихат депутаты, “Сыр үміті” жастар қауымдастығының төрағасы Мағжан Ералиев “Сыр үмітінің” арнайы кубогін және қаржылай 100 000 теңге сыйақы табыстады.

Мағжан Абзалұлы өз сөзінде шығармашыл жастарды жан-жақты қолдау баршаның міндеті екендігіне тоқталды. Мұнымен қоса еліміз бойынша мыңдаған жастардың басын біріктіруші “Жайдарман” қозғалысын қолдау өрмен қарай жалғасатынын жеткізді.

ЕСЕПТЕГІ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ



Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығында діни сауаттылық, құқықтық және кәсіптік бағдар беру мақсатында арнайы кездесу ұйымдастырылды.

Оған Қызылорда облыстық дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығының Қармақшы аудандық бөлімшесінің теолог маманы Ж.Сқақов, Қармақшы аудандық пробация қызметінің аға инспекторы, әділет майоры Ж.Жүнісов қатысты. Сондай-ақ аудандық жұмыспен қамту орталығының маманы З.Жұмалиева, Nur Otan партиясы Қармақшы аудандық филиалының консультанты Ө.Мерекөв және Jas Otan жастар қанаты Қармақшы аудандық филиалының төрағасы Н.Бекматов діни сауаттылық, құқықтық және кәсіптік бағдар беру мақсатында кеңес берді. Кездесу барысында жастар мамандарға толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды.

Онлайн режимде өткен мәжіліске наиб мүфти Ершат Ағыбайұлы, ҚМДБ аппарат басшысы Ғылымбек Жәдігерұлы, бөлім басшылары мен бас имамдар қатысты.

РАМАЗАН АЙЫ 13 СӘУІРДЕ БАСТАЛАДЫ



Жиынды ашқан ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы: «Санаулы күндерден соң қасиетті Рамазан айы кіреді. Мұсылман үмбеті үшін Рамазан – сондай бір ерекше ай. Еліміздегі қаншама бауырларымыз осы айды күтеді, оразасын ұстайды. Мейірім мен кешірімге, сауапқа толы айды әдеттегідей өз деңгейінде өткізуді Алла нәсіп етсін. Қазіргі жағдайды ескере отырып, ең бастысы, тазалық пен тәртіп жағына көңіл бөлсек. Осы айда мейлінше қайырымды істерді көбірек атқаруға шақырамын. Жамғаттың ыңғайына қарай уақытын белгілеп онлайн дерістер, Құран үйрету сабақтарын өткізуді жалғастыру керек.

Халыққа пайдалы уағыз тарату мақсатында тікелей эфир ұйымдастырып, мүмкіндігі жоқ жандарға ауызашар пакеттерін жеткізу жағын қолға алуды тапсырамын» – деді.

Кеңейтілген мәжіліс барысында 8 мәселе қаралды. Төралқа мәжілісінде ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі Сансызбай Құрбанұлы Рамазан айының басталуы, Қадір түні және Ораза айт күндері жайлы баяндады. Быыл Рамазан айы 13 сәуірде басталып, 12 мамырда аяқталады. Рамазан айы 30 күн болады. 13 мамыр – Ораза айт күні. 8 мамырдан 9 мамырға қараған түн – Қадір түні. Сондай-ақ пікір садақа құны 420 теңге болып бекітілді.

«БРЭЙНГ-РИНГ»

Облыстық Жастар ресурстық орталығында **тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай, “Сыр үміті” жастар қауымдастығының ұйымдастыруымен аймағымыздағы жастар ұйымдарының арасында «Брейн-Ринг» интеллектуалды сайысы өткізілді.**

Ойынға аймағымызда белсенді жұмыс істеп келе жатқан 10 ұйым қатысып, үш кезең бойынша сынға түсті. Алғашқы кезеңде білім сайысына қатысушылар еліміздің тарихы жөнінде қойылған сауалдарға жауап берсе, екінші кезеңде «Киномания», яғни кино туындылар жайлы сұрақтарға жауап берді,

үшінші кезеңде команда капитандары тапсырмаларды орындады.

«Біздің бұл шараны ұйымдастырудағы басты мақсатымыз – сыйластық пен достықты нығайту әрі білім арттыруға бағытталды», – деді Мағжан Ералиев.

Ойын барысында қатысушы командалардың өкілдері барынша белсенділік танытып, қойылған сауалдарға нақты жауап беруге тырысты. Қатысушылар әдебиет, мәдениет, тарих салаларынан қара жаяу емесін аңғартып, өз білімінің деңгейін көрсете алды.

Сайыс қорытындысы бойынша «Жайдарман» командасы жүлделі I орынды, II орынды

«Ұлағат ұландары» командасы, III орынды Jas Otan жастар қанаты иеленді. Жеңімпаз командаларға



ұйымдастырушылар тарапынан арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар және сертификаттар табысталды.

СЫР ЗИАТКЕРЛЕРІ ЕЛБАСЫ МЕДАЛІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Еліміз бойынша **көшбасшылардың жаңа буыны – дарынды жастарды анықтайтын «Елбасы медалі» жобасының тағы бір үздік толқыны белгілі болды. Ұлттық бағдарлама жеңімпаздарының қатарында Қызылорда қаласындағы NIS-тің 7 шәкірті бар.**

Атап айтқанда 12-сынып оқушылары Назым Қуандықова, Гүлжан Нұртай, Ринат Керімсал, Торғын Санақ, Майя Темірхан, 10 сыныптан Аружан Сақтаған және 9 сыныптың білім алушысы Айдана Қараева «Елбасы медалінің қола деңгейіне ие болды.

«Алты ай бойы 7 бағыт бойынша әртүрлі тапсырмаларды

үздіксіз орындап отырдым. «Кітап оқу» бағытында 3 шығармамен таныссам, «Дарын мен дағды» бойынша сурет салу өнерін зерттеп, қабілетімді арттырдым. «Ұлттық мұра» кезеңінде қазақ әдебиетінің туындыларымен таныса алдым.

Сондай-ақ спортпен шұғылданып, түрлі жаттығулар жасауды өмірлік дағдыға айналдырдым. Бұл жоба өз-өзімді дамытуға және бойымдағы жаңа қасиеттерді ашуға үлкен септігін тигізді», – деп санайды Елбасы медалінің иегері Айдана.



ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМ

Қылмыс – ҚР қылмыстық заңына сәйкес, жазалау қатарымен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет. Қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы. Осы орайда, Қызылорда облыстық көмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының жасөспірімдері мен қызметкерлері санитарлық талаптарды сақтай отырып, құқық қорғау саласының мамандарымен дөңгелек үстел өткізді.

“Қылмыс және жасөспірім” тақырыбында өткен жиынға ювеналды полиция бөлімшесінің полиция майоры Әлия Ерназарова, полиция аға лейтенанты Гауһар Күзембаева қатысты. Онда қылмыс түрлері, құқық бұзушылықтың алдын алу, жастар арасындағы бопсалау және түнде көшеге шықпау сынды көптеген мәселе түсіндірілді.



Жасөспірімдер өз кезегінде көкейінде жүрген сұрақтарына жауап алып, мамандармен ашық әңгіме-дүкен құрды.

Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін негізгі үш себеп бар. Олар: отбасылық жағдайы, жасөспірімдердің уақытын тиімді пайдалана алмауы және тұрмыстық жағдайы. Бұл туралы көп нәрсе айтуға болады. Ең бастысы,


көмелетке толмағандар арасындағы қылмыспен күресу үшін мемлекеттік органдармен байланыс орнату керек. Сондай-ақ құқықтық сауаттылық бірінші орында тұру керек», – деді Әлия Ерназарова.

Мұндай кездесулер алдағы уақытта да өз жалғасын табады деген ойдамыз.

Қалдан ТЕМІРБЕКҚЫЗЫ, әлеуметтік педагог

ТАҚТА ҮСТІНДЕГІ ТАРТЫС

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің “Студенттер сарайында”, “Сыр үміті” жастар қауымдастығының ұйымдастыруымен қала жастары мен жасөспірімдері арасында шахматтан турнир өтті. Турнирде қаламыздың 63 жас тұрғыны бақ сынасты.



Турнир аудиторияларда карантин талаптарын сақтай отырып өткізілді. Жарыстың негізгі мақсаты жас шахматшылардың деңгейін жоғары разрядтарға көтеру және интеллектуалды бағытта еңбектенуші жастар мен жасөспірімдерді қолдау болды. Екі күнге созылған турнир жеңімпаздарын облыстық мәслихат депутаты, “Сыр үміті” жастар қауымдастығының төрағасы Мағжан Ералиев арнайы құттықтап, қаржылай сыйақылармен марапаттады.

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҒЫНАН САҚТАН!

Бүгінде барлығымыз ғаламторға тәуелдіміз. Әлеуметтік желідегі топтарды меңгеріп алғанбыз. Дегенмен де интернет алаяқтарынан сақтануды қаперге алмаймыз.

Арал аудандық жастар ресурстық орталығы осы жұмысты қолға алды. Олар жастар арасында түсіндірме жұмыстарын жиі өткізіп тұрады. Мәселен, ZOOM-платформасы арқылы Арал көпсалалы, Арал индустриалды-техникалық колледжінің студенттеріне интернет алаяқтығынан сақтану бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



АДАМҢЫҢ ТӘНІ ҚАРТАЙСА ДА, ЖАҢЫ ҚАРТАЙМАУ КЕРЕК

Қайырбай ЗӘКІРОВ, ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚР
Көркемөнер академиясының академигі, белгілі суретші:



– Амансыз ба, аға! Алматыға қоныс аударыпсыз ғой. Құтты болсын! Жас ұлғайғанда адамдардың мұндай батылдыққа баруы некен-саяқ. Қалай тәуекел еттіңіз?

– Иә... (күліп) Біріншіден менің алып шаһарға көшетінімде біраз достарым маған күлген. “Қартайғанда нең бар Алматыда?” деген секілді. Адам баласы бір нәрсені түсінуі қажет. Адамның тәні қартайса да, жаны қартаймауы керек. Менің жаным бостандықты, өзгерістерді үнемі аңсап тұрады. Сондықтан бұл қоныс аудару мен үшін оңай болды.

– Елді сағынасыз ба?

– Сағынғанда қандай! Алматыға оқуға түскен жылы осы Қазалыдағы жапырайған, кішкентай қамыс үйлерін, отбасым мен достарымды қатты сағынғаным есімде. Есейе келе біраз елді аралап, біраз жұртпен таныстым. Бірақ Сыр бойы халқының болмысы тым бөлек қой, шіркін.

– Аға, атыңызға студент кезден қанық болсам да, туып-өскен ауылыңыз, ата-анаңыз, бала кезіңіз жайлы сұрамаппын. Айтып беріңізші?

– Менің әкем теміржолшы болған. Оны жас кезінде атам мен әжемді қосып Ақтөбе облысындағы Шалқар ауданына туыстарымыз алып кеткен. Әкем сол жерде үйлі-баранды болған. Бірақ менің алдымдағы үш ағам арасына күн ғана салып бірінен соң бірі шетінеп кеткен. Ол жас отбасы үшін үлкен трагедия ғой. Сонда менің анам қыста ағаларымның қабіріне барып топырағының үстіне жататын көрінеді. Әкем күнде кешке сол жерден анамды алып қайтады екен. Алланың қалауымен әкешешеме қуаныш сыйлау үшін

ойнап отырған болуым керек. Сөйтіп пойыз жүріп кетіпті. Кеш қарайған, ата-анам өздерін қоярға жер таппайды. Бір кезде келесі разьезден мені тапқаны жайлы хабар келіпті. Менің ең алғашқы саяхатым осылай басталған (күліп).

– Адамның тұлға ретінде қалыптасуына туған жердің, өскен ортаның әсері бар деп жатады. Мәселен, сіздің суретші болуыңызға не әсер етті?

– Табиғат – ең құдіретті мүсінші. Әрбір адамның туған жерінде бір тылсым күш, энергия болады. Қазақ негізі өнерге етене жақын халық. Оны дәлелдеудің де қажеті шамалы. Ал біздің елді білесің тал жоқ, көк шыға қоймайды. Бірақ киіз үйдің ішіне кірсең – кішігірім сурет академиясы. Сол түстерді көріп өскен балаға міндетті түрде бояулар әсер етеді.

– Қазақы ортада кәсіби суретшілер некен-саяқ. Тіпті баласының о бастағы суретшілік өнерін бағалау, дамыту ісі де кемшін сияқты. Олай болмағанның өзінде көңіл бөлу кейінірек сияқты көрінеді де тұрады. Әлде мен қателесем бе?

– Кішкентай бала қабырғаға шимақтап сурет салады ғой. Оны біз бұзықтық, еркелік деп жатамыз. Ал егер сол баланың шимақтарын ары қарай дамытып алып кетсе, міне, сол кезде мықты суретшілер шығады деген үміт бар.

– Сіз график-суретшісіз. Бұл сонау Алматы көркемсурет училищесінде оқып жүргенде таңдаған бағытыңыз ба?

– Ол бала күнімде басталған. Себебі ол заманда сурет салатын бояу табу әсіресе

жанрлары, әсіресе абстрактті суреттер, мәселен, сіздің қиял мен шындық астасқан кейбір картиналарыңыз – мұның барлығы суретшінің ішкі



Сонау XVIII ғасырда Еуропа суретшілерінің шеберханаларынан бастау алатын графика өнерінің тарихы тереңде жатыр. Өнердің бұл түрімен айналысу үшін суретші асқан тәзімділікпен көп еңбектенуі керек. Ал суретші әрдайым ізденіс үстінде болса, өзінің қателігін, графика өнерінің күрделі өнер екенін түсінеді. Назарларыңызға қарапайым ауылдан шығып, қазіргі таңда жұмыстары Қазақстанға ғана емес, әлем жұртшылығына танылған суретші Қайырбай Зәкіровпен сұхбатты ұсынамыз.

дауысы, мені деп қабылдасақ бола ма? Әлде бір суретші бірнеше жанрда сала беруі заңды ма?

– Ішкі дауысы десек те болады. Бірнеше жанрда сурет салу әр суретшінің өз еркінде. Сурет өнерінде шекара болмау қажет деп ойлаймын. Оның барлығы суретшінің шабытына байланысты.

– Кейбір ақындар 40 жастан кейін жазған. Олардың бәрін «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлшемге саяды деу қиын. Суретшілерде осындай кездейсоқтық бола ма? Кенеттен сурет сала бастау...

– Костка Чонтвари деген венгр суретшісі болған. Ол фармацевт болыпты. 45 жасында ол өзінің дәріханасын сатып, суретке керек құралдар сатып алып әлемді мойындатамын деп саяхатқа кетіпті. Атақты Пабло Пикассо бір көрмені аралап жүріп, Костканың суретін көріп “Менен асқан шебер суретші бар екен ғой” деп мойындаған. Сондықтан өнер адамға айтып келмейді.

– Мұны айтып отырған



әпкем және мен дүниеге келіппіз. Бірақ менен де айырылып қала жаздапты (күліп). Ол былай болған. Ол кезде разьезде тұратын бала қай жерде ойнайды? Әрине пойыз жолдың бойында. Мен үш жасымда пойыз деңгелегінің төжегішінде

ауылдық жерде қиын. Сондықтан жай ғана қадаммен сала бастадым. Уақыт өте келе басқа да жанрда сурет салдым. Бірақ жаным жақыны осы графика бағыты болды.

– Жалпы көркемсурет

себебім, мен өзім абстрактті суреттерді қарағанды жақсы көрем. Кейде суретші не айтқысы келді екен деп ұзағырақ тесіліп қараймын. Бірақ «түк түсініксіз» картиналар да болады. Сондайда «Бір+бір»

фильміндегідей шашырата салған бояулар ма деп қалам. Суретшілер бір бірін қалай түсінеді?

– Абстракция негізі түстерді ойнатудан құралады. Абстракциянизм адамға сурет ішінен жұмбақ әлемді іздегенмен бірдей. Өйткені ми жұмыс істеп, ойлау қабілетін жақсартады. Былай алып қарасаң, абстракциянизмді біздің әжелеріміз жасаған. Киіз басу ол тұнып тұрған абстракция. Оны көбі түсіне бермейді.

– Әлемге танымал 10 картинаның ішінде қазақ суретшілері неге жоқ?

– Картинаның танымалдылығын өлшеп немесе топқа бөлу ол үлкен қателік. Себебі қазір картинаны үлкен суммаға сатып алады да, сол картинаны ең үздік деп есептейді. Бұл әрекетті сұлулық

қуанғаным рас. Бірақ бастапқыда баламның суретші емес мұнайшы болғанын қалағанмын. Өуелі Алла, одан соң өзінің өнерге деген қызығушылығының арқасында келді.

– Ұлығыздың картиналарын сынайсыз ба? Оның бұған көзқарасы қандай?

– Жоқ. Оны неліктен сынауым қажет? Оның өнерге деген көзқарасы менікінен бөлек. Жаңа қырынан қарайды десем де болады. Оның өз ортасы бар. Қазір шүкір, жұмысының жемісін көріп жүр.

– Немерелеріңіз бар ма?

байқауымен салыстыруға болады. Жюри мына қыз сұлу деп есептейді және сол қыз ең сұлу боп шыға келеді. Ал ауылда ол қыздан асып түсетін бояусыз, әшекейсіз қыздар жүр.

Олардың да суретші болғанын қалар ма едіңіз?

– Немерелерім бар. Кім боламын десе де өз еріктерінде.



Мен бұндайды сорақылық деп атаймын және бұндай нәрсеге жол бермеуіміз қажет.

– Өзіңіз суретшілерден кімді жақсы көресіз және неге?

– Мен нақты мына суретшінің өнері ұнайды деп айта алмаймын. Бізге суретшілерге баға беретін тек қара халық.

– Сіз АҚШ, Франция, Польша сияқты шет елдерде бірнеше көрмеге қатыстыңыз. Қазақстандағы көрмеге келушілер мен шет елдердегі көрмені қызықтаушылар арасында айырмашылық бар ма?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, біздің халық барлық өнер түріне бейім келеді. Бірақ біздің жұрт көрмеге келу жағынан шетелмен салыстыруға келмейді әрине. Өйткені біздің түсінік басқа және біз халыққа кінә арта алмаймыз, қинауға да құқығымыз жоқ.

– Сіздің ұлығыз да суретші. Жолыңызды жалғағанына қуанасыз ба?

– Бір балам суретші, екіншісі зергер. Жолымды қуғанына

Алла қалап суретші болса мен әрине қуанамын.

– Өз картиналарыңыздың ішінде өзіңізге жақыны әрі әсерлі оқиғасы бар қайсысы?

– Арал балықшыларына арнап салған картинам өзіме өте ыстық. Себебі Иемненің Сана қаласында бас жүлдені алған болатынмын.

– Әйеліңіздің де сурет өнерінен хабары бар ма?

– Мені құтқарып қалған әйелім (күліп). Өйткені менің өнеріме жағаласпайды. Жағаласса, маған үлкен кедергі болар еді. Сондықтан да болар өнерге қызықпайды.

– Арманыңыз бар ма?

– Армансыз адам болмайды ғой. Арманым, Алла қанша ғұмыр берсе, сонша көрме ұйымдастырғым келеді. Жасым ұлғайса да өнерімді тоқтатқым келмейді. Себебі менің өмірім – бұл менің картиналарым, өнерім.

– Әңгімеңізге рақмет! Ерхан АҚЫН

Жалғасы. Басы 1 бетте.

БАЙҚОҢЫР: РЕСЕЙДЕ МЕ, ӘЛДЕ АМЕРИКА АЛА МА?

БАЙҚОҢЫР ҚАЗАҚҚА НЕ БЕРЕДІ?

Әлемдегі ең ірі «Байқоңыр» ғарыш кешенінің Қазақстан топырағында орналасуы елімізге бірегей бәсекелестік артықшылық беріп қана қоймай, ғаламдағы жетекші ғарыш державаларының қатарынан орын алуға мүмкіндік береді. Қазақстан ғарышының толайым табысы мен оның әлемдік ғарыш нарығымен ықпалдасуы халықаралық байланыстардың нәтижелілігіне байланысты. Сондықтан Қазақстан осы салада жетекші орын алатын агенттіктермен және Ресей, Беларусь, Украина, Израиль, Франция, Қытай, Үндістан, Жапония, Германия, Корея Республикасы, БАӘ, Сауд Арабиясы, Тайланд, Ұлыбритания сынды елдермен ынтымақтастықты дамытуда. Одан бөлек, «Байқоңыр» ғарыш айлағы іске қосылған күннен бастап, 65 жылда түрлі мақсаттағы 1500-ден астам ғарыш аппараты ұшырылған.

Бүгінде ғарыш қызметінің стратегиялық бағыты Қазақстанды үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген. Ғарыш саласына қатысты төрт ірі жобаны іске асыру көзделген. Атап айтқанда, «KazSat» байланыс және ақпарат тарату жүйесін құру, Жерді қашықтан зондаудың ғарыштық жүйесін құру, «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыш-зымыран кешенін құру және Ғарыш аппаратын құрастыру-сынау кешенін іске қосу жұмысы жүргізілді. «Байқоңырдан» 2011 жылы ұшырылған «KazSat-2» ғарыш аппаратын Қазақстан тарапы толық пайдалануға қабылдап алды. Одан кейін «KazSat-3» іске қосылды. Бүгінгі таңда осы аталған отандық жер серігі мақсатына сай жұмыс жүргізуде. Еліміздің негізгі байланыс операторы қызметін аталмыш спутник арқылы жүргізуде.

Елімізде Ұлттық ғарыш агенттігі Нұрсұлтан Назарбаевтың 2007 жылғы 27 наурыздағы Жарлығымен құрылған. Бүгінде айтулы агенттік отандық ғарыш саласының сапасын жоғарылатып, озық технологиялы секторды қалыптастыру бағытында жобаларды жүзеге асыруда.

Байқоңыр ғарыш айлағының бірден-бір пайдасы өз жер серігімізді ұшырумен қатар, тәуелсіздігін кеше жариялаған мемлекеттердің қолынан келе бермейтін 3 ғарышкерімізді ғарышқа ұшырдық. Бұл да үлкен жетістік.

БАЙҚОҢЫР КІМНІҢ МЕНШІГІНДЕ?

Осы уақытқа дейін ел арасында кешенді америкалықтар мен арабтар жалға алады деген ақпарат тараған болатын. Бұл қауесет қайдан шықты? Ел Үкіметі мен Ресей Федерациясының арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға алудың 10.12.94 шартына сәйкес «Байқоңыр» кешені Ресейге жалға берілген. 2004 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге сәйкес" жалдау мерзімі 2050 жылға дейін ұзартылды. Бұл тұрғыда саясаттанушы Расул Жұмалы Байқоңырды ұзақ жылға жалға берудің пайдасынан зияны көп дейді.

– Бұған дейінгі Байқоңырға қатысты қол қойған келісімге сәйкес, Ресей Федерациясы онсыз да Байқоңырды 2030-35 жылға дейін жалға алған еді. Нақты мерзімі есіме түспей тұр. Қазақстан бұған келіскен. Осыдан 10 жыл бұрын екі жақ осындай келісім жасады. Әрине, 2050 жылға дейін жалдаған деген өкінішті хабар. Байқоңырдан ұшқан Ресей зымыраны жиі құлайды. Экологиямызға қауіп төндіруде. Ол осыған дейін талай айтылды. Оның ішінде пратон зымыранының зардабын Ресей күні бүгінге дейін өтеген жоқ. Гептил – ең ұлы қалдық. Құлаған зымыраннан сол гептил тонналап қазақ жеріне төгілуде. Ал біздің жауапты органдар осы орасан зор апаттың өтемақысына болмашы тиын-тебен алып отыр. Одан бөлек Ресей Байқоңырдан басқа мемлекеттердің зымырандарын ұшыру арқылы жыл сайын пайда табуда. Ал Қазақстан өз мемлекетінде орналасқан ғарыш айлағы үшін қандай да бір ақы, өтемақы алмайды. Біздің жыл сайынғы алатын ақимыз, қателеспесем, келісімшарт бойынша 115 миллион доллар. Бұл – жылына алатынымыз. Бірақ кезінде Қырғызстанның Манас әуежайының бір бөлігін, толықтай емес, бір ғана бөлігін НАТО әскерлері Ауған операциясына байланысты жалдап тұрды. Кішігірім әуежайға жылына 150 миллион доллар төлеп тұрды. Енді салыстырып көріңіз. 2050 жылға дейін бұл жалғасатын болса, шығыны да, қауіп-қатері де зор.



Сондықтан бұл мәселелерді кеш те болса, қолға алу керек. 4 негізгі бағыт бойынша талаптарды күшейту керек. Тіпті осы Байқоңырдың келісімшарты бізге қаншалықты керек, – дейді саясаттанушы Расул Жұмалы.

Ғарышты игеру қомақты қаражатты қажет етеді. Мысалы, Америка жылына ғарышты дамытуға – 6,8, Жапония – 5, Қытай – 1,5, Ресей 1 миллиард доллардан астам қаржы жұмсайды екен. Өкінішке қарай Қазақстан ондай молынан қаржы салуға дайын емес. Одан қалды кадр мәселесі де шешілмеген. Қазір айлақта жалпы 10 мыңнан астам қызметкер жұмыс істесе, негізгі жұмыс күшін ресейлік мамандар атқарады. Осыдан-ақ Байқоңырды игеріп кете аламыз ба деген сұрақ туындайды. Бұл мәселе турасында қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров бір сұхбатында былайша жауап берген:

– Байқоңырды өзіміз игеріп кете аламыз. Қазір Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде, тағы басқа оқу орындарында осы саланың маманын дайындайтын факультет бар. Бірақ аз. Қарағанды, Өскемен секілді өндіріс ошағы бар қалаларда да осындай мамандар дайындайтын оқу орнын ашу қажет. Осы қатарда «Болашақ» бағдарламасымен де жастарды шетелде оқытып жатқанымызды айту керек. Ал саясаттанушы Расул Жұмалы Байқоңырды басқарудан гөрі Ресейден өзге мемлекетке жалға берудің пайдасы көп дейді.

Не дегенмен айлақ Қазақстандікі. Бірақ ел арасында Байқоңырды Ресей алып қояды деген үрей басым екені белгілі. Ресейліктер өз ғарыш айлағын салу арқылы бұл қорқынышты сейілтті. Дегенмен бұл мәселенің екінші жағы бар. Ресей Байқоңырдан бас тартса, әлемдегі ең үлкен айлақ талан-таражға түсіп, сатылып кетуі әбден мүмкін екенін көрсетті. Оны қорғай аламыз ба?

– Ресейге тәуелді болып, қарап отырудың

қажеті жоқ. Бүгінгі күнде осындай ғарыштық бекетті ұстап тұру тек АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Қытай секілді ірі мемлекеттердің қолынан келеді. Қазірдің өзінде батыстың технологиясы озық. Зымырандарды ұшырып қана қоймай, оны қайта қондыру процесін қолға алды. Қазір қолданыста бар. Ғылым тоқтаусыз алға жылжып келеді. Сол тұрғыдан, Ресейдің пратондары, ангарлары бәсекеге қабілетсіз болып барады. Қазірдің өзінде Ресей ғарыш саласында Батыспен бәсекелесе алмайды. Ресейге қарап қалудың қажеті жоқ. Басқа мемлекеттер келсін. АҚШ, Еуропа елдерімен ынтымақтастық жасауға болады. Бұл да – жақсы балама. Кез келген жерде бәсекелестік болса, сол бәсекелестікті ұйымдастырып отырған Қазақстанның таңдау құқығы болуы керек, – деді саясаттанушы Расул Жұмалы.

бастап, Байқоңырдан 18 елдің 40-қа жуық шағын жер серігін ұшыруды жоспарлауда. Мұның барлығы қанша қаражат екенін бағамдай берсеңіз болады. Пайда көретін – басқалар, зиян тартатын – біз.

ЖЕР КІНДІГІН КІМ ТАПҚАН?

Әлемдегі алғашқы ғарыш айлағы біздің кең байтақ даламызда салынған Байқоңыр – әлемдік ғарыш айлағының бесігі. Мұнда ұшатын әрбір ракета кедергісіз көкте самғайды. Өзге айлақта сәтсіздікке ұшыраған жобалар осы Байқоңырда сәтімен жүзеге асады. Мұның себебін ғалымдар жердің қақ ортасы – Байқоңыр, яғни жер кіндігі осы жерде деген пікірде. Ал ата-бабамыз сан ғасыр бұрын-ақ жер кіндігі Сырдың бойында деген. Оған Қорқыт бабамыз жайлы айтылған аңыздар дәлел. Мысалы, Қорқыт ата бір күні түсінде өзіне көр қазып жатқан адамдарды көреді. Ояңнаннан кейін өлімнен қашып құтылмақ болады. Дегенмен қайда барса да, алдынан қазылған көр шыға береді. Дүниенің төрт бұрышын аралаған абыз бабамыз соңында

салу үшін Байқоңырды таңдап алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық объектілер үшін қолайлы қону аймақтарының болуы ескерілген.

ЕСКІ МЕН ЖАҢА

Еліміздің аэроғарыш саласын бүгінде ғарышта топтастырылған отандық спутниктер, жердегі ғарыштық байланыс жүйесі, спутниктерді құрастырумен және Байқоңырда перспективалық жобаларды іске асырумен айналысатын кәсіпорындар құрайды. Бүгінде спутниктердің 3 тобы штаттық режимде жұмыс істейді. KazSat ғарыштық байланыс жүйесі спутниктік байланыс пен телехабар таратуда жетекші рөл атқарады. 2024 жылы "KazSat-2" спутнигін жоспарлы ауыстыру үшін "KazSat-2R" спутнигін құру жоспарлануда. Жерді қашықтықтан зондаудың қос спутникті жүйесі (KazEOSat-1 және KazEOSat-2) елімізді қажетті деректермен толық қамтамасыз етуде. Нәтижесінде еліміздің жер ресурстары 100 пайызға "цифрланған " және ауыл



Шынында, ресейлік БАҚ-тың хабарлауынша, ғарышқа Ресей, Оңтүстік Корея, Жапония, Сауд Арабиясы, БАӘ, Израиль, Тайланд, Канада, Бразилия, Германия, Нидерланды, Италия, Аргентина, Венгрия, Тунис, Ұлыбритания, Испания және Словакия елдерінің спутниктері жіберіледі. Байқоңыр – қазақ жері, оған иелік ететін Ресей, ғарышқа ұшатын әлемнің түрлі елдері. Бұдан бөлек, Ресей биыл наурыз айынан

Сырдың жағасына қайта келеді. Сонда оған «Жердің ортасы – Сырдың жағасы екен» деген аян беріледі. Бұл жер қазіргі Қармақшы ауданының аумағында жатыр. Абыз бабамыздың жамбасы жерге тиген жер Байқоңыр қаласына жақын орналасқан.

Өткен ғасырдың басында ғалымдар ғарыш айлағын қай жерде орналастыру туралы ойланғаны анық. Сонда «Байқоңыр» кімнің ойына келді екен? Бәлкім, космонавтика

шаруашылығы, ТЖ, жер пайдалану және экология саласындағы салалық міндеттер шешімін табуда. Келешекте қазақстандық спутниктердің оптикалық және радар аспаптарының кең спектрін пайдаланатын ЖҚЗ нарығында әлемдік ойыншылардың қатарына енуі күтілуде. Бұл пайдалы қазбаларды цифрлау және мониторингілеу, атмосфера мен топырақты талдау дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешенінің (ҒА ҚСҚ) құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Өндірістік пайдалануға беру 2022 жылға жоспарланған. Кешен 1 млрд. теңгеден астам сомаға алғашқы тапсырысын алды. KazSat–2R және ЖҚЗ спутниктік топтарының жобаларын іске асыру ҒА ҚСҚ жүктемесіне қарай жүзеге асырылады. Қазақстанның "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы іс-әрекетін кеңейту үшін Ресеймен бірлесіп "Союз-5" зымыран тасығышының базасында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру жобасын іске асыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ коммерциялық ұшуды жүзеге асыру мақсатында "Союз-2" зымыран тасығышының базасында Ресеймен және БАӘ-мен бірлесіп "Гагарин стартын" жаңғырту жөніндегі инвестициялық жоба пысықталуда.

• Қазақстанның Халық қаһарманы Талғат Мұсабаев ғарышқа үш рет ұшты. Ол бірінші сапарында, 1994 жылы, ғарышта 126 күн болды. Ал екінші рет ұшқанда ғарышта 208 күн болып, ерекше ерлік көрсетті. Қазақ ғарышкері корабль бортынан ашық ғарыш кеңістігіне бес рет шығып, 30 сағат 8 минут аспан аясында қалықтады. Осындай көрсеткішімен Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген Т.Мұсабаев 2001 жылы тағы бір мәрте ғарышқа ұшты.

• Деректерге сүйенсек, 600 тонналық гептилмен ұшатын «Протонның» Қазақстан жеріне 32-сі құлапты. Ал қазір «Роскосмос» ғарышқа қатысты маңызды жобаларда «Протонның» орнына «Союзды» пайдаланып жүр дегенімізбен, бұл да әлем алдында мықтылығымен мақтана қоятын техника емес. Себебі «Союз» тобына жататын «Союз-2.1а» зымыранының да құлаған кезі туралы ақпарат жеткілікті. Мәселен, 2000-2018 жылдар аралығында «Союз» тобына жататын Ресей зымыран тасығышы 8 рет құлады.



ғылымына негіз салған ғалымдар Қорқыт ата туралы аңыздан хабардар болды ма, деген ой келеді. Орыс ғалымы Г.Потанин аңыз жайында айта келе: «Бұл хикаяттың негізінде түрлі сыр жатуы мүмкін. Мүмкін ол астрономиялық болуы да ғажап емес. Онымен жердің немесе мұхит ортасының байланысы болуы ықтимал. Яғни жер кіндігі жайында», – дейді. Ал ғылыми дәлелге сүйенсек, ғарыш алаңын

P.S. Байқоңырдың пайдасынан зияны дегенімізбен, Байқоңырдан бас тарта алмаймыз. Американдық басылымдар ресейлік зымыран тасығыштардың тозығы жеткен деп жарыса жазуда. Оған себеп те бар. Өйткені жуырда Илон Маск қайта пайдалануға болатын зымырантасығышты жарыққа шығарды. Мұның нәтижесінде американдық зымыран қалдығы мен зымыран жанармайы жерге төгіліп-шашылмайды. Шығын да азаяды. Алайда, Ресейдің бұндай жаңа зымырандарды зерттеп, жасап жатқаны туралы дерек жоқ. Жасаған күннің өзінде сынақтан өткізіп болғанша бірнеше жыл кететіні белгілі. Сондықтан бұндай рекаталарды Байқоңырда пайдалану әзірше арман.

– Балаларға өлең жазуды соңғы кезде неге қойып кеттіңіз?
 Әлгі сұраққа түрікменнің өзiлкеш жазушысы Құдайберді Диуанқұлов:
 – Балаларды алдағым келмейді, – депті.

Мұзафар Өлімбаевтың кітабындағы осы

үзінді қазіргі жағдаймен дәлме-дәл келетін сынды. Жаңарған заманда «желіден бәрін табуға болады» деген түсінік балалар әдебиетінің де аяғына тұсау болған тәрізді. Өйтпесе нағыз идеология саналатын осы саладан бұрынғыдай күй көткелі қашан. Баланы да, өзімізді де алдап жүрміз бе, қалай өзі?!

Биыл Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен балалар әдебиетін қолдау жылы болып жарияланды. Бүлдіршіндердің болашағын қалыптастыратын бұл салада мәселенің шаш етектен екені бізге дейін де айтылды. Енді балалар авторларын ынталандыру,

кітап саудасын жетілдіру, мемлекет тарапынан қолдау көрсету деген түйткілді шешу бір жыл ішінде құр сөз болып қалмаса екен деген тілек бар бәрінде. Ол үшін не істеу керек? Осы тақыры тәңірегінде аймақтағы сала мамандарымен сөйлестік.

Үштік одақ арасында байланыс жоқ



Балаларға арналған жиырмаға жуық кітап пен отызға жуық әнді топтастырған «Қазақтың ұлы бол!» әндер жинағының авторы Рахат Наурызбайқызының есімі аймақ жұртшылығына етене таныс. Бар ғұмырын бала тәрбиелеуге арнаған ұстаз әлі күнге кішкентай оқырмандарымен жиі жүздесіп тұрады. Балалар әдебиетінің болашағына бейжай қарамайтын ардагер бұл салаға мемлекет тарапынан қолдау керекін айтады.

Рахат НАУРЫЗБАЕВА, педагогика ғылымдарының докторы, балалар ақыны:

– Қазір балаларға берілетін ақпарат өте көп, бірақ таңдау, іріктеу, жүйелеп ұсыну жағы жетімсіз. Онымен айналысатын арнайы жүйе қалыптаспаған, себебі бала шығармашылығын дамытуға бағытталған іс-әрекеттер жүйеленбеген, мектептер, мектептен тыс мекемелердің байланысы өз деңгейінде емес. Сол үшін балаларға арнап жазатын ақын-жазушылардың бір-бірімен және шығармашыл балалармен жиі кездесіп тұруына, шығармаларды талдап, сараптап, кеңес беретін, әдеби оқулар, жаңа кітап таныстырылымын ұйымдастыратын аудан, облыс көлемінде ғылыми-сараптамалық орталық немесе бөлім қажет.

Балаларға арналған шығармалардың насихатының кемшін болуының себебі көп. Соның бірі әрбір автор өз күшімен жазғандарын аз данамен болса да шығаруға тырысады. Жарық көрген аз таралымның балаларға жетуі де қиын. Әрі балаларға арналған кітаптар тартымды, көркем, түрлі-түсті болуы керек, ал оған жеке

автордың күші келмейді. Менің шығармашылық жұмыстарымның өнімді болуына облыстық мәдениет басқармасының, өзім қызмет істеген мекемелердің еңбегі зор. Жаңа кітабым шыққан кезде Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана аз данамен сатып алады. Мен кітапты ең көп дегенде 200 данамен шығарамын. Бөріңде өзім қаржыландырамын. Негізі бізде кітапты сату мәселесі жолға қойылмаған. Ертеректе кітабымыз «Білім» атты кітап дүкеніне қойылатын, қазір ол да жабылып қалды. Мемлекеттік кітап дүкендеріне



Балалар әдебиеті: бір жылда не бітіруге болады?

Қуат АДИС, балалар ақыны:

– Кешегі Кеңес заманында “Бар жақсылық – балаларға” деген ұран болды және ол жалаң сөз емес еді. Сол балаларға жасалған жақсылықтың ең басында қазақ балалар әдебиетін дамыту ісі тұрды. Тіпті керек болатын болса, алдыңғы буын қаламгер ағаларымыз балаларға арнап, жоспарлы түрде тәрбиелік мәні бар өлеңдер мен қызықты әңгімелер жазды және ол өз жемісін берді де. Тәуелсіздіктен кейін қазақ балалар әдебиеті кенжелеп қалды. Оған балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен аласапыран заман себеп болды. Сол өтпелі кезеңде бала түгіл, ересектердің өзінің кітапханамен байланысы үзіліп, барлығы базарға сүрлеп салды. Еліміз ес жиып, етек қымтаған соң ғана балаларға арналған дүние там-тұмдап болса да шыға бастады. Бірақ әлі де бұның толық түйіні шешілген жоқ. Қатары селдіреп қалған алдымыздағы аға-апаларымызды айтпағанда, қазіргі күні балаларға арнап жазып жүрген жас ақын-жазушылар саусақпен санарлық қана. Олардың да көбі қаламын суытып алды. Өйткені қоғамда әлі де балалар әдебиетіне деген көзқарас түзелген жоқ.

Балаларға арнап жазатын әлгі айтқан аз ғана қаламгерлердің өзі қаламақы алмақ түгіл, дайын дүниелерін баспадан шығара алмай, қаржылай демеуші болатын қайырымды жандарды іздеп, кәсіп иелері мен жергілікті әкімдерді жағалап жүр. Ал балалар жазушылары осындай күйде жүрсе, оларға жеткілікті жағдай жасалмаса, балалар әдебиеті қалай дамиды? Балаларға арналған кітапты насихаттайтын балалар кітапханалары мен мектептер. Бірақ басқа өңірді білмеймін, біздің облысымызда жаңа кітаптың таныстырылымы, оны оқырмандарға насихаттау жұмыстары байқалмайды. Сол үшін оған аймақ жастары да атсалысу керек. Мүмкін осы бағытта арнайы ұйым құру керек шығар. Өйтеуір кітапхана мен жазушыға ғана бар

алған қандай да саланың тұла-бойына қан жүгіретіні белгілі. Өйткені, барлық мәселе қаржыға тіреледі, – дейді.

Балалар ақынының бұл салаға келуі де бір қызық. Анығында, ақын айтқан келесі жағдай қазіргі ата-аналар үшін қалыпты жағдайға айналып кеткенге ұқсайды.

– Менің де үлкен поэзиядан балалар поэзиясына келуіме балабақшада және төменгі сынаптарда оқитын балаларым себеп болды. Ата-ана ретінде олардың әр күні үйге берілген тапсырмасын қадағалап отырамыз ғой. Көбіне жаттауға тапқақтар береді. Шынымды айтсам, алғашында әлгі баланың тілін бұрап, ойын шатастыратын шатпақтарға бала тұрмақ, мен түсінген жоқпын. Өзі екі-ақ шумақ өлең. Бірақ басы жоқ, аяғы жоқ. Ұйқасын айтпағанда, оның ішінде баланың ойын қозғайтын бір сөз жоқ. Мұғалімімен, тәрбиешілерімен хабарласқанда ғана оның сырына қанықтым. Өткізілетін тәрбие сағаттары мен ертенгіліктердің тақырыптарына сай етіп әлгі аяпалардың өздері жазып береді екен. Міне, қызық! Бірақ тапқақтар арқылы баланың ақыл ойын дамытамын деген тәрбиешілердің не жазығы бар? Интернеттен іздеді, кітаптарды ақтарды, таба алмады. Сосын амалы жоқ, өздері жазып берді. Осылай балалар әдебиеті кәсіби деңгейден педагогикалық деңгейге түсті. Сонымен не керек, мен ұстаздармен келісе отырып, өлеңдерін қайта жазып бердім. Олар оныма қуанбаса, ренжіген жоқ. Кейін осы тақырыпқа қалам тартып көрсем бе екен деген ой келді. Бес-алты жылдан бері балаларға арнап өлең жазып келемін, – дейді ол.

Жоғарыда балаларға арналған кітаптың мұқабасы көз тартатындай көркем болу керекі айтылды. Психологтардың зерттеуіне сүйенсек, кітап таңдағанда бала алғашқы 7 секундта жинақтың сыртқы сұлбасына мән береді екен. Кейін барып мазмұнымен танысады. Мұның өзі кітап дизайнының маңызы екенін көрсетеді. Алайда біздің елде балаларға арналған суреттерді табудың өзі бір мәселе екен.

– Менің 2014 жылы Алматы

Бәлкім, фантастика жанрын қолға алармыз?!



бір мысал, өткен аптада Балалар әдебиеті күніне орай Оразбай Қосанов ағамызбен кездесу ұйымдастырдық. Сол кезде оқушылар Оразбай ағаның төлдерге арналған өлеңін таңдап, ерекше қызығушылықпен оқып берді. Бәлкім, бұл оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес шығар.

Салыстырмалы түрде қарасақ, қазір балалар әдебиеті басқа салаларға қарағанда кенже қалып қойған. Мұны аға буын өкілдері де жиі айтуда. Оны кеңірек насихаттау үшін біздің өніміміз де мол болу керек деп ойлаймын. Біз бала күнімізде «Балдырған», «Ақжелкен», «Ұлан» газеті сынды газет-журналдармен саты-сатылап өстік, ал қазір мұның бәрін телефон алдымызды. Соның әсерінен қазақ авторларының шығармасы кішкентайлар үшін қызықсыз. Мектепте оқушылар көбіне шетел әдебиетін, оның ішінде фантастиканы жиі оқитынын айтып жазады. Фантастика дегенде қазақ тек ертегі ойлап табуы мүмкін, бірақ оған сенбеген соң қалам тербегіміз де келмейді. Өз басым осы пікірдемін. Бәлкім, балаларды әдебиетке қызықтыру үшін болашақта фантастика жанрын да қолға алу керек шығар?!

Мен өзімді балалар ақынымын деп есептемеймін, бірақ осы салаға барынша атсалысып жүрмін. Осыған дейін балалар логикасын дамыту үшін өлең есептердің жинағын шығарған едім, енді болашақта ертегілер жинағын құрастырсам деген жоспарым бар, – дейді ол.



2020-2021 жылдары жарық көрген балалар әдебиетінің үздік шығармаларының топтамасы: А.Гриннің «Аққыз» желкендер, Хиксат, Тоққын перісі, М.Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері», Теңізберрі Финнің басынан кешкендері, «Қазақ халық ертегілері», В. А. Обручевтің «Жұмбақ жер», А.Линдгренинің «Ұзынұшық Пиппин», Дж.Свифттің «Гулливердің саяхаттары», Т.Көзкоғұдұның «Арман көрек ақсама», Эрих Распеннің «Монхгаузеннің хикаялары», Баяғали Әлімжановтың «Әліппе», Әлия Беркімбаеваның «Дәуір атайдың ертегілері». Әлемдік классика туындылары қазақ тіліне алғаш рет аударылған.

Youtube-та да «Балалар әдебиеті» бар



Қазір аймақта 12 балалар кітапханасы жұмыс істеп тұр. Олардың жалпы қорында 389 871 дана кітап бар. 2021 жылдың I тоқсанында балалар кітапханаларының қоры тағы 189 дана жаңа әдебиетпен толыққан. Бүгінде аймақта «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 кітап» рухани-мәдени акциясы аясында балалар әдебиетін насихаттау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Оның ішінде Ыбырай Алтынсарин, Бердібек Соқпақбаев, Марат Қабанбаев, Толымбек Әбдірайым,

Зира Наурызбаева, Мәди Айымбетов секілді жазушылардың еңбектері бар.

Нұршат НАУРЫЗБАЕВА, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары:

– Жас ұрпақты парасатты, білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеуде кітап пен кітапхананың алатын орны ерекше. Бүгінде балаларды кітап оқуға тарту мақсатында көптеген шара атқарылуда. Мәселен, қазір кітапханаларда балаларға арналған 14 үйірме мен 5 клуб жұмыс істейді. Сонымен қатар «Сыр шаңырағы» youtube каналынан «Балалар әдебиеті» айдары ашылды. Мұнда балалар кітапханалары қорына алынған жаңа әдебиеттермен және өткізілген қызықты шаралармен танысуға болады. Бұл олардың ынтасын ашады деп ойлаймын, – дейді ол.

P.S. Бала көңілі – кіршіксіз әлем. Сөз басында айтқанымыздай, оларды алдауға болмайды. Сол үшін бар еңбегін балақайларға арнап жүрген ақын-жазушылардың жан айқайын ескерген жөн. Барлық мәселенің қаржыға байланысты екенін бағамдадық. Ендігі жерде мемлекеттен қолдау көрсетілсе игі...

Балалар әдебиеті педагогикалық деңгейге түсті

жауапкершілікті артып қояға болмайды. Биыл «Балалар әдебиетін қолдау жылы». Бұған Президенттің өзі көңіл бөліп отыр. Жуырда жыл бойы жасалатын жұмыстарды жоспарлап, оны жүзеге асыратын арнайы Кеңес құрылып, құрамы жасақталды. Бөгде адам жоқ, барлығы да балалар әдебиетінің төңірегінде еңбектеніп жүрген азаматтар. Демек, үмітімізді үзуге болмайды. Мемлекет қамқорлығына



қаласындағы «Фолиант» баспасынан «Қоңырбек пен Содырбек» және Қызылорда қаласындағы «Ақмешіт» баспасынан 2017 жылы «Кемпіркосақ» атты кітабым жарық көрді. Біреуін өз қаржыма, ал, екіншісін демеушінің көмегімен шығардым. Балаларға арналған дүние болған соң сатқаным жоқ, кітапханалар мен білім ошақтарына жеткенінше тегін таратып бердім. Жалпы біздің елімізде кітап бизнесі жолға қойылмаған. Шет елдерде бұл мәселе әлдеқашан заңды шешімін тапқан. Әрбір жазушының әдеби агенттері бар, кітап шығару, оны тарату, сату жұмыстарымен солар айналысады. Бізде авторлар мен кітапхана арасында мүлдем байланыс жоқ. Кейде кейбір жеке баспадар жазушының еңбегін тегін пайдаланғысы келеді.

Кітаптың көркемдік сапасы дегенде, менің ойыма «Кемпіркосақ» атты кітабымды шығару барысындағы қиындықтар түсті. Жеке баспа болған соң кітаптың авторы да, корректоры да, терушісі де, безендірушісі де өзім болдым. Кітап 3 жастан 8 жасқа дейінгі балаларға арналған соң оның көркемдік сапасы да жақсы болуы тиіс еді. Сондықтан мейлінше әр бетін көз тартатындай, әр тақырыптың мазмұны суретпен ашылатындай етіп безендіруді ойладым. Бірақ «үйдің көңілді базардағы нарық бұзады» демекші, кітап безендіруші-суретшілерге төлейтін қаламақы менің кітап шығарғалы отырған қаржымнан екі есе асып түсті. Ғаламтордан ала қояйық десек, онда қазақ балаларына арналған түрлі-түсті суреттер жоқ болып шықты. Басқа елдерде балаларға арналған суреттерді жариялап отыратын арнайы сайттар бар екен. Ал оған біздің ел көңіл бөлмеген. Ғаламтор бетін сапырғанда көзімізге көрінген бірді-екілі суреттердің де авторлық құқығы қорғалған болып шықты. Міне, балалар әдебиетін айтқанда андағайлап алдыңнан шығатын мәселенің бірі осы. Сосын қазірде балаларға арналған кітаптар мен журналдардың көбі жалт-жұлт етіп көздің тартып тұрады. Бірақ ол тек көзді алдап, көңілді арбаған жарнама. Өйтпесе, жылтыр қағазға басылған суреттер мен онда жазылған дүниелерді бала түгіл мен оқи алмаймын. Күндіз күнмен, түнде электр жарығымен шағылысып кезіңді ауыртады. Бірінші кезекте, баланың денсаулығын ойлауымыз керек. Содан соң ғана олардың ойын дамытуды қолға алған жөн, – дейді балалар ақыны.

Балалардың өзінгік талғамы қалыптасқан

Көкейдегі келесі сұрақ: бүгінгің баласы нені білгісі келеді, неге қызығады? Кітапханаға келген кішкентай оқырман қандай тақырыпты оқығысы келеді? Бізбен тілдескен Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана қызметкері шетел жазушыларының кітабы жоғары сұранысқа ие екенін айтады.

Қарлығаш ҚҰЛМЫРЗАЕВА, балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы:


– Кішкентай оқырмандар,

яғни, мектепке дейінгі балалар көбіне қарпінтері үлкен және дизайны әдемі, суреті мен иллюстрациялары көп кітаптарды жаздырып алады. Ал мектеп жасындағы балалар ертегілер мен түрлі тақырыптағы энциклопедияларға қызығады. Бастауыш сынып оқушылары жануарлар әлеміне, соның ішінде ер балалар динозаврлар, автокөліктер жайлы білгісі келеді.

«Ертегілер елінде» атты сериямен шығатын кітаптарды балалар көп оқиды. Оқушылар Ы.Алтынсариннің әңгімелерін жиі іздейді. Тағы көп оқылатын автордың бірі – әйгілі ертегіші

Ганс Христиан Андерсен. Бүгінде балалардың жас ерекшеліктеріне қарай өзіндік талғамы қалыптаса бастаған. Жасөспірім кезеңде ұл балалар фантастика, шытырман оқиғаға толы кітаптарды көп оқиды. Мысалы, Бердібек Соқпақбаев, Жүніс Сахиев, Эдгар По, Жюль Верн, Роберте Стівенсон, ДЖ.К.Роллинг, Николай Носовтың кітаптары. Ал, қыз балалар психология, махаббат романдарын, сондай-ақ түсіндірме сөздіктер, танымдық энциклопедияларды жиі парақтайтынын анықтады. «Жас ұрпақтың талғамына сай шығармалар қандай болу керек?» деген сұрақты қойған кезде ақын, манасшы Баяғали Әлімжановтың келесі сөзі еске оралады: «Қазақта үлкенің мыңына бергенше баланың біріне бер» деген сөз бар. Баланың ой-санасы тап-таза, оған қандай сөз жазылады, олай сақталды. Ал қазіргі балалар шағылып бара жатқан секілді. Оның алдын алу үшін барлық амалды пайдалану керек. Телефонға үнілген баланы «әй балам, енді кітап оқы» деп талап етпесе болмайды. Кітапты сол телефоннан оқытпайды етсек. Өйткені қиың да, мультфильмді де – бірі әдебиеттен бастау алады. Менің ұсынысым балалардың электронды кітапханасын ашып, дамытуымыз керек» дейді. Осы орайда менің ұсынысым, 3 Д форматта, әдемі суреттелген көркем әдебиеттер ана тілімізде шықса екен, – дейді ол.

18 СӘУІР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН ТАРИХИ ОРЫНДАР КҮНІ



Бұл мереке елімізде 1984 жылдан бері аталып келеді. 1983 жылы ЮНЕСКО жанынан құрылған Халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау мәселелері жөніндегі кеңес ассамблеясы бекіткен бұл күннің тәуелсіз еліміздің тарихында алар орны ерекше. Осы орайда Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Сәбит Аманкелдиевпен сұхбаттастық.

Сәбит Аманкелдиев, Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры:

Нұр-Сұлтан қаласында Жалаңтөс баһадүр ескерткіші орхатылады



– Қызылорда облысында қанша ескерткіш бар?

– Облыс бойынша барлығы 545 ескерткіш бар. Оның ішінде: 30 республикалық, 257 жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері, ал 258 нысан тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдынала тізіміне алынған. (Арал ауданы – 64, Қазалы ауданы 99, Қармақшы ауданы – 84, Жалағаш ауданы – 69, Сырдария ауданы – 57, Шиелі ауданы – 49, Жаңақорған ауданы – 44, Қызылорда қаласы – 79).

– Ескерткіштерді қорғау дегенді қалай түсінуге болады? Жуып, тазалап тұрумен шектеле ме?

– Ескерткіштер – орны толмас құнды рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік қазына және ел тарихының аса маңызды айғағы, адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде барлық қауіп-қатерден тұрақты түрде қорғап отыруды талап етеді. Жаңа редакцияда қабылданған «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» ҚР 2019 жылғы 26 желтоқсандағы заңына және одан туындайтын қағидаларға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау, қорғау және пайдалану жұмыстары жүзеге асырылады. Жалпы ескерткіш деген ұғымның мәні өте тереңде жатыр. Заңға сәйкес ескерткіштер 5 түрге бөлінген. Олар: археологиялық (134), қала құрылысы және сәулет (240), ансамбльдер мен кешендер (2), монументті өнер құрылысы (146), киелі объектілер (23). Мемлекет қорғауындағы ескерткіштердің әрқайсысына қорғау шараларымен қатар, археологиялық зерттеу, қайта қалпына келтіру және тағы басқа көшенді жұмыстар ұдайы жүргізіледі.

Тарихи-мәдени мұра мәселесі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екені анық. Бұл бағыттағы жұмыстарға облыс әкімдігі тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп отыр. Атап айтсақ, соңғы жылдары ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 66 ескерткіштің қорғау, құрылыс салуды реттеу және қорғалатын табиғат ландшафт аймақтары белгіленді. Өткен 2020 жылы облыстық бюджет есебінен 6 ескерткішке – ежелгі Бәбіш мола және ортағасырлық Сортөбе, Жанкент, Сығанақ, Қышқала қалашықтарына және Алтын Орданың 750 жылдығы аясында ортағасырлық Асанас қалашығына алғаш рет қазба салынды. Қазба барысында ортағасырлық қалашықтардың

зерттеу жұмыстарымен қатар, ескерткіштердің инфрақұрылымын жетілдіруге де үлкен мән беріліп, ескерткіштер қорғау аймақтары бойынша қоршалып, стелалар бой көтерді.

Ескерткішті сақтау мәселесінде оларға қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Соңғы жылдары бұрынғы қазарма, облыстық музей, Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі ғимараттары, Қармақшы ауданындағы Қалқай ишан кесенесі, Қызылорда қаласындағы ашаршылық және саяси-қуғын сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, Сырдария ауданындағы Қалжан ахун мешіт-медресесі, Қармақшы ауданындағы Марал ишан және Жалағаш ауданындағы Мырзабай ахун үй тамы қайта жаңғыртудан өткізілді. Сонымен қатар демеушілік есебінен Сұнақ ата, Жаназар кесенелеріне, Әбжали ишан мешітіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау, қорғау, насихаттау барысында ескерткіштерді сақтап қалумен қатар, тарихи терең мол мұраларымызды цифрлық форматқа көшіру – бүгінгі күннің басты тақырыптарының бірі.

Осы мақсатта 2018 жылы Цифрлы Қазақстан Мемлекеттік бағдарламасы аясында облыс көлемінде 150 ескерткіштің 3D форматтағы интерактивті картасы әзірленіп, virtualmap.



шарттары жасалып, биыл Сығанақ қалашығында қорғаныс қабырғасымен жанама салынған құрылыс нысандары, кесене, орталық мешіт қабатындағы 2 құрылыс нысаны аршылса, ал, Жанкент қалашығында қазба жұмыстарымен қатар, консервацияланған бір бөлменің композициясы жасақталып, Оғыз дәуірінің тұрмыс-салт дәстүрінен хабар беретін, тарихи мүсіндер қойылып, туристер үшін қалашық ішіндегі тұрғын үйдің ежелгі қалпын көруге мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан Сығанақ, Жанкент қалашықтарының қорғаныс қабырғалары қалпына келтіріліп, Сығанақ қалашығында анықталған ортағасырлық кесене қайта қалпына келтірілді. Қалашықтарда

хуз (виртуалмап) сайты арқылы қолданысқа енгізілсе, 150 ескерткішке QR-код тақтайшалары орнатылды.

Бұл облыс әкімдігінің қолдауымен тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау және пайдалану бағытында жүзеге асырылып жатқан маңызды жобалар болып саналады. Ескерткіштер – ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері, өткеніміз бен болашағымызды саралауға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Сондықтан алдағы уақытта сала бойынша атқарылатын шаралардың маңызы бұдан да ауқымды болады деп санаймын. Ескерткіш мұралары – көне тарихтың куәсі. Олай болса, оны қорғау әрбір азаматтың парызы.

– Жарамай қалатын ескерткіштер бар ма, әлде ескерткішті әдейі қиратып

Театр – тәрбие мектебі

"Жастар театрға бармайды" деген сөзді жиі естиміз. Дегенмен де бұл пікірге "Жастар" театрының жас актрисасы келіспейді. Себебі сахна қашанда киелі. Жастардың өнерін тамашалап келетіндер қатары күн санап артуда. Адамның жан дүниесін тыныштандырып, керемет сезімге бөлейтін театр ұжымының жұмысы ерен. Жас актер мен актрисалардан құралған өнер ордасы бүгінде біршама табысқа жетті. Қанша спектакль көрерменге жол тартты. Білікті де білімді мамандар театр ұжымында қызмет етуде. Бірде "Жастар" театрының "Алғашқы махаббат" қойылымын көргенім бар. Сахнадағы жастардың барлығы өз жұмысын жақсы көріп, образдарын орындап жүргеніне риза болдым. Ол уақыттан бері қаншама дүние сахналанды. Ал Айша Әбдірахманның есімі театр есігін жиі ашатын көрерменге танымал. Ол қатысқан қойылымдар көп. Мәселен "Алғашқы махаббат" – мектеп директоры, "Қызылорданың қыздарында" – Мәрия, "Қыз қасқырда" – Құртқа, "Қалың елім, қазағым, қайран жұртымда" – бас шайтан, "Неге" қойылымында – Әлима рөлдерін сомдады.

– Бала кезден театрға жиі барушы едім. Содан да болар актриса болу арманыма айналды. Сахнадағы өнер адамдарын көріп, әр қимылына ден қойып отыратынмын. Рөлді қалай алып шыққанын, қойылымнан кейін зерттеу менің күнделікті жұмысыма айналды. Мына жерде қателесті, мына жерде былай ойнаса әдемі шығар ма еді деген ойдың жетегінде жүріп өзімде сахнадан бір-ақ шықтым. Одан қалды әдеби кітаптарды



жиі оқыдым. Ізденісті де көбейттім. Нағыз маман болуға талпындым. Нәжіжесінде әріптестеріммен бірге өнер көрсетудемін, – дейді Айша Қайратқызы.

Кейіпкеріміз 1993 жылы 10 қараша Шымкент қаласында дүниеге келген. №213 мектептің табалдырығын аттап, №8

кететіндер кездесе ме?

– «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсанындағы заңының 5-бабына сәйкес тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесінен айыру және тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастау объект толық түгел жойылған және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқан жағдайда ғана жол беріледі. Осы талаптарға сәйкес келетін ескерткіштерді тізімнен шығару және мәртебесінен айыру облыстық және ҚР Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы арнайы комиссиялардың келісімі негізінде жүргізіледі. Заң нормаларынан тыс мемлекет қорғауындағы ескерткіштерді өз бетінше қиратуға, бүлдіруге жол берілмейді және ол әкімшілік құқық бұзушылыққа әкеліп соғады.

– Соңғы салынған ескерткіш Б.Шөкенов пе, әлде басқа ескерткіш салынды ма? Өз өркімен ескерткіш салуға қаржы бөлетін кәсіпкерлер бар ма?

– Монументтік өнер құрылыстары – аса көрнекті тұлғаларды, маңызды тарихи оқиғаларды мәңгі есте қалдыру үшін орнатылатын монументтік өнер туындылары (ескерткіштер, стеллалар, бюсттер). Жаңадан ескерткіштер немесе мүсіндерді орнату «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсанындағы заңының 11 бабына және «Монументтік өнер құрылыстарын орнату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 103 бұйрығына сәйкес «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі» облыстық комиссияның және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі» мемлекеттік комиссияның келісімдері негізінде үздік деп тапқан жобалар бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте тек қаржы, жер телімі мәселелері шешілген жобалар ғана қаралады. Ескерткіш ұзақ мерзімге жарамды сапалы материалдан (қола, гранит т.б.) салынуы қажет. Соңғы жылдары



П.Д.Осипенко атындағы қазақ-орыс мектебін аяқтады. Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық жоғары колледжіне оқуға түсіп, актер өнері мамандығында білім алды. Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде журналистика мамандығында оқыды. Театр саласы бойынша "Үздік әйел адам" номинациясын иеленді. "ТТТ" халықаралық театрлар фестивалінің лауреаты. А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйіндегі "жастар" театры жанынан ашылған "Бастау" театр үйірмесінің жетекшісі. Үйірме мектеп оқушыларынан құралған. Олар шағын рөлдермен сахнаға шығып жүр. Театр күніне орай ұйымдастырған кеште "Жастар" театрының репертуарындағы "Қыз қасқыр" қойылымынан үзінді көрсетті.

– "Театр – өнер мешіті" деген теңеу бар. Десе дегендей, театр – мәдениеттілікке, имандылыққа бастайтын баспалдақ, алтын көпір екені даусыз. Осы орайда маған театр қатты ұнайды. Аурасы бөлек, ұжымның ауызбіршілігі, сыйластығы ерекше. Қыздар мен жігіттердің барлығы өнерлі. Биге де, көркем сөз оқуға да талапты, қай рөлді берсе, соны орындап шығуға барынша атсалысады. Бізге ізденіс керек, көп уақытымыз кітапханада өтетінін жасыра алмаймыз. Шығарманы бастан-аяқ оқып, әр сөйлеміне мән беріп, өзімізше талдау жасаймыз. Бұл біздің қойылымды ойдағыдай алып шығуға үлкен септігін тигізеді" – дейді Айша.

"Театр – тәрбие мектебі, театр – тәлім, рухани азық алар орда" деп ұлы жазушылар айтып кеткендей, театр көрінгеннің ермегі емес, ол – еңбек. Мұны өз ісімен дәлелдеп жүрген жастардың бар екені бізді ерекше қуантады.

Мөлдір САБЫРЖАН



облыстық бюджетесінен қала аумағында Мұстафа Шоқай, Батырхан Шөкенов ескерткіштері, Нағи Ілиясов, Сейілбек Шаухаманов, Ыдырыс Қалиев, Нәлқожа Ерғешбаев мүсіндері орнатылса, демеушілік есебінен (кәсіпкерлердің, қоғамдық қорлардың, ұрпақтарының) Байзақ Момынбаев, Ғафурдин Жанұзақов, Алдаберген Бисенов, Исатай Әбдікәрімов мүсіндері орнатылды. Ағымдағы жылы Қызылорда облысы тарапынан Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай Нұр-Сұлтан қаласында Жалаңтөс баһадүр ескерткіші орнатылады.

– Ескерткіштерді қайта өңдеуге бола ма және қанша уақыт аралығында тазалап отырады?

– Төл тарихымызға заманауи ғылым тұрғысынан қарап, біртұтас ұлттық тарихымызды жасау бағытындағы жұмыстарымыз бен алдағы мақсат-міндеттеріміз айқын, әрі жауапкершілікті қажет етеді. Бүгінгі күні ескерткіштерді қорғау мәселелері қолданыстағы заңдылықтармен реттелуді және олар Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктерінің қарауында. Ал, жеке меншіктегі ескерткіштерді күтіп-ұстау шарттары мешік иелері мен пайдаланушылардың

арасында рәсімделетін қорғау міндеттемелері арқылы жүзеге асырылады. Тарих және мәдениет ескерткішінің орнын ауыстыруға және оны өзгертуге тыйым салынады. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсанындағы заңының 29-бабына сәйкес ескерткіштерді қайта салу немесе қайта өңдеу, өзгертуге тарих және мәдениет ескерткішінің жетпіс пайызынан астамы бұзылған не тарихи-мәдени маңыздылығы жоғалған жағдайда немесе егер орнын ауыстыру және өзгерту оның сақталу жағдайын жақсартуға алып келетін болса ғана жол беріледі. Қазіргі уақытта қолданыстағы заң талаптарына сәйкес жаңадан орнатылатын ескерткіштер сапалы тәзімді материалдардан салынууда. Мәншік иелері немесе әкімдіктер ескерткіштің бастапқы келбетіне және материалына зиян келмейтін беткі тазалау жұмыстарын жүргізе алады. Ал, құрделі реставрациялық жұмыстарды арнайы лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар ғана жүргізе алады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

М.КЕНЖЕҒҰЛОВА
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



Азамат АЙТХОЖИН, Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы:

ЕЛ ФУТБОЛЫНДА ДАМУ БАР

Өткен аптада Қазақстан ұлттық құрамасы әлем чемпионатының іріктеу кезеңінде Франция және Украина құрамаларымен кездесіп, терезесі тең ойын көрсеткен еді. Алғашқысына 0-2 есебімен жол берсе, түзде Украина құрамасымен ұпай бөлісті. Аталған қос ойыннан кейін Қазақстан футбол федерациясының бас хатшысы Азамат Айтхожин елдегі футболдың даму стратегиясына тоқталды.

Алпауыт ұжымдарға төтеп бере аламыз

Бірінші ойын барлығымызға түсінікті болды. Қарсыласымыз азулының азулысы еді. Франция! Әлем чемпионы! Кейбір құрамалар бұл командамен жолдастық матч ойнауға қолы жетпей жүреді. Ал, олар «Астана Аренаға» келіп, қазақ футболына мега жарнама жасады. Бұл біз үшін тек қана табыс. Гризман, Мбаппе, Погба секілді футболшылар елордаға келіп, миллиондаған қаржы тұратын жарнаманы тегін жасап беріп кетті. Олардың бізге қарсы ойынын әлемнің алпауыт медиаторлар, агенттіктері көрсетті. «Еуропорт» арнасы шолу жасап, «Еуроньюс» матч қарсаңында сюжеттер берді. Бұл футболға ғана емес, Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласына да жасалған жарнама деп қабылдаңыз. Футбол шекарасы кең. Әлбетте, біздің команда бұл ойында барын салды. Алаңға қазақ футболшылары көптеп шықты. Бас бапкеріміздің оларға қазақ тілінде нұсқау беріп тұрғаны телекамераларға түсіп қалып, қаншама жанкүйердің көңілін жібітті. Бұл ойында біз өзіміздің абыройымызды көрсеттік. Алпауыт ұжымдарға қарсы төтеп бере алатымызды байқаттық.

Ал екінші ойында Украинаға тосынсый жасадық. Қазақстан қалпақпен қағып алатын құрама емес екенін көрсетті. Андрей Шевченконың өзі бізді мойындап сұхбат берді. Артынша Дидье Дешам Қазақстан құрамасын мақтап, жоғары баға берді. Сондықтан да мұндай деңгейдегі адамдардың пікіріне қарсы шығуды әбестік деп санаймын. Украинамен болған матч құрамаға деген сенімді күшейтті. Енді жанкүйерлер күздегі матчтарды тағатсыздана күтеді. Финляндия мен Босния ұжымдарын өз алаңымызда қабылдаймыз. Міне, қызықтың көкесі сонда болмақ.

Тоқаевтың тапсырмасы орынды

Әлбетте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың футболға бөлінетін қаржыны қысқарту керек деген тапсырмасы өте орынды. Біз де бұл бастаманы толықтай қолдаймыз. Өйткені кейбір клубтардағы футболшылардың жалақысы шамадан тыс артып кетті. Қазір біз де оны реттеуге атсалысып жатырмыз. Бірақ бұл ұлттық құрамадағы ойыншыларға кері әсерін тигізбейтініне өзім келіп білеміз. Біздің ойыншылар ұлттық құрамаға келгенде ақша үшін емес, елдің абыройы үшін ойнайды. Ұлттық құрама сапында доп тебу деген өте үлкен мәртебе, елдегі жүздеген мыңдаған футболшының тек 23-і ғана іріктеліп алынады. Яғни, командадағы орнын жоғалтып алмас үшін әрбір футболшы аянып қалмайды. Олар үшін ақша мәселесі төртінші, бесінші орынға түсіп кетеді деп ойлаймын.

Құрамаға легионер тарту маңызды мәселе

Ұлттық құрамаға легионер тарту деген мәселе бұрыннан бері көтеріліп келе жатыр. Кеше ғана қарсыласымыз болған Украинада да, Францияда да ұлттық құрама жейдесін киіп жүрген футболшылар қатарында

легионерлер бар. Өзге елдің футболшылары Ресейдің де, даңқты Англия мен Германияның да сапында доп теуіп жүр. Бұл футболдағы «заңды құбылыс». «Зинедин Зидан Алжир азаматы ол Францияға ойнамасын» деп кім айта алады?

Мәселен, бір елде футбол дамиды, мықты ойыншылар көп болғандықтан, олардың біразы ұлттық құрама сапына алынбай қалады. Олар да өз бағын құрлық чемпионатында, әлем біріншілігінде сынағысы келеді. Сосын амал жоқ, өзге елдің азаматтығын қабылдап, сол елдің намысын қорғайды.

Бұл өңіміе Қазақстанның футбол федерациясында да жиі көтеріледі. Мысалы, қазір бас бапкер «Ордабасыда» ойнап жүрген бразилиялық Жоао Паулу деген ойыншыны ұлттық құрамаға алғысы келіп жүр. Екеуі сөйлесіп, бұл мәселені өзара талқылап та көріпті. Жоао үш жылдан бері Қазақстанда тұрады, отбасын осында көшіріп алған. Осы уақыт аралығында ол Шымкентке әбден сіңіскенін, Қазақстанды өзінің екінші отаны санайтынын айтқан. Яғни біздің құрамаға ойнауға, футболшыларға көмектесуге дайын. Біз алдағы уақытта осы мәселені талқылайтын боламыз, өз арамызда оң шешімге келсек құжаттарын дайындаймыз. Мұнан кейін оның Қазақстан құрамасында ойнау мәселесін УЕФА, ФИФА секілді халықаралық ұйымдар шешетін болады. Егер осы процестің бәрі оң шешімін тапса, алдағы ойындарда Жоао Паулуды Қазақстан сапынан көресіздер.

Бірақ біз легионер іздеу, шетел ойыншыларын жерсіндіру секілді жұмыстарға уақыт та, қаржы да жұмсамаймыз. Өзіміздің өсіп келе жатқан жас футболшыларымыз бар, дарынды балалар бар, соларды тәрбиелеп жатырмыз. Талғат Байсуфиев ұлттық құраманың тізгінін ұстай сала, командаға осындай жап-жас 7-8 ойыншыны алдырды.

Инфрақұрылымды дамыту қажет

Қазір мектеп бағдарламасына футбол сабағын енгізіп жатырмыз. Бұл жоба еліміздің бірнеше облысында жүзеге асып жатыр. Ал, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерін қосымша оқытып, оларды футбол жаттықтырушысы еттік. Әлі оқып жатқандары бар және бұл жұмыс әлі жалғасатын болады. Оларға бапкердің лицензиясы беріледі. Реформаны бір күнде жүзеге асырып тастау мүмкін емесін білесіздер. Футболдағы жаңғыртуды жүзеге асыру үшін бәлкім 10, бәлкім 20 жыл уақыт керек. Осы ретте айта кетейін, Қазақстанның футболын дамыту үшін ең алдымен инфрақұрылымды дамытуымыз керек. Федерация бұл жұмыспен айналысып жатыр. Әсіресе, ауылды жерлерде футбол ойнайтын алаңдар жоқ, инвентарь жоқ. Соны түзгендеу үшін жаңа бағдарламалар қабылдап, жүйелі жұмыс істеуіміз қажет. Сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу және дамыту үшін еліміздегі кәсіби футболшылардың ортақ базасын әзірледік. Онда футболды кәсіби тұрғыда ойнап жүрген бүкіл ойыншы болады. Әрбір футболшының жасы, салмағы, ойындағы қарым-қабілеті, ерекшеліктері түгел жазылады. Тіпті, сол ойыншымен

жұмыс істеген бапкерлері өз пікірін жазып қалдыра алады. Спортты тастағаннан кейін немен айналысып жүр, қандай жарақат алған, медициналық көмекке жүгінген-жүгінбегеніне дейін енгізіп отырамыз. Екінші мәселе, біз қазір Қазақстанның футболдан екінші лигасын құрдық. Өзіңіз білесіз, еліміздің территориясы өте үлкен. Ішкі чемпионаттың өзінде бір қаладан екінші қалаға матчқа бару ұзақ уақыт алады, шығын әкеледі. Мысалы, Маңғыстау облысының жас ойыншылары Өскеменге пойызбен баратын болса, үш күннен астам уақыт жол жүреді. Олар жолдан шаршап келіп қандай футбол ойнауы мүмкін? Міне, бұл да Қазақстан футболының дамуына айтарлықтай кедергісін тигізіп отырған бір фактор. Басқа да факторлар жетерлік. Осы проблемаларды шешу үшін қазір біз Балалар және жасөспірімдер футболы департаментін құрдық. Департамент жұмысын өте қарқынды жүргізіп жатыр. Жылына ірі 20-ға жуық турнир, жүздеген кіші жарыстар өткізіп жатыр. Астанада, Алматыда жасөспірім футболшылардың ішкі чемпионатын ұйымдастырып жатырмыз. Мұның бәрі осы федерацияның жұмысы, жаңа айтқанымдай футболға енгізіп жатқан реформамыз.

Сосын, ең маңызды нәрсе бар. Көптеген ағайын бізге хабарласып жатады, өтініштерін айтады. Соның ішінде ауыл футболы деген ауыр тақырып бар. Таланттардың барлығы ауылда деп жатады. Бірақ сол ауылдарда футбол мәселесі ақсап тұр. Шалғай жатқан аудандарға барып, бірнеше ауылды біріктіріп, футбол үйірмесін ашуды ойластырып жүрміз. Олар аудан орталығына келіп іріктеліп, кейіннен облыс орталығына баруы тиіс. Былайша айтқанда, Германиядағыдай әрбір 25 шақырымда бір футбол үйірмесі болуы тиіс. Біз соған қол жеткізсек, арманымыздың орындалғаны дер едік. Біз жасап кеткен жағдай нәтижесін беріп, 15-18 жылдан соң құрама сапында ойнайтын, ауылдан шыққан қазақ футболшысы пайда болар еді.

Бапкердің жұмысына араласпаймыз

Қазір Қазақстанда ұлттық құрамаға алынбай қалған қандай талантты футболшы бар? Егер мұндай таланттар болса бас бапкер Талғат Маруанұлының назарынан тыс қалмайды деп ойлаймын. Біз ол кісіні тағайындадық, енді ішкі жұмысына араласпаймыз, құрама ойыншыларын толықтай өзі жасақтайды. Кімді қорғанысқа қояды, кімді шабуылшы етеді – бәрі сол кісінің қарауындағы мәселелер. Біз федерацияның басшысы ретінде бас бапкерден тек нәтиже талап етеміз, оның жұмыс істеуіне бар жағдайды жасап береміз, болды. Осы уақытқа дейін командаға мына футболшының алыңыз деп бірде-бір рет өтініш айтпадық. Бірақ Қазақстан құрамасына шын жанкүйер бол жүргендер біледі, шын талантты бірнеше ойыншы ұлттық құрама сапында доп тебе алмай жүр. Мысалы, Бауыржан Исламхан – допинг дауына ілініп, спорттан шеттетілді. Еркебұлан Сейдахмет, Бахтиер Зайнутдинов, Дмитрий Шомко, Алексей Щеткиндердің жарақаты бар. Олар сондықтан Францияға, Украинаға қарсы ойнай алмады. Сондықтан ұлттық құрама сапында «Сәке» мен «Мәкенің» балалары ойнап жүр деп айтудың еш қысыны жоқ. Егер ойнайтын болса бірден көзге көрініп қалады, ондайға жанкүйерлердің өздері-ақ жол бермес еді.

СПОРТ DAUDЖЕСТ

Алғашқы ұпайды еншіледі

Қызылордалық "Қайсар" ел біріншілігінің үшінші турында түзде «Тұранмен» кездесті. "Түркістан Аренада" өткен матч 1:1 есебімен аяқталды.



Қос команда 90 минут бойы қақпадан саңылау таба алмады. Ал 91-минутта "Тұран" клубының шабуылшысы Темірлан Әміров есеп ашты. Бірақ бұл жеңіс голы ретінде тіркелмеді. Себебі 93-минутта Арман Кеңесов шабуылды сәтті аяқтап, таразы басын теңестірді.

Үш турда бір ұпай жинаған "Қайсар" он бірінші орынға жайғасты. Енді дала қасқырлары «Каспиймен» кездеседі.

Тұрсынбай – жеңімпаз!

Біріккен Араб әмірліктерінің (БАӘ) Дубай қаласында кәсіпқой бокс кешінде күш сынасқан Тұрсынбай Құлахмет өрелі өнерімен өз жанкүйерлерін қуантты.



Парсы жағалауында жерлесіміз Хебер Рондонмен қолғап түйістірді. Венесуэла өкілінің біздің боксшыға қарағанда тәжірибесі әлдеқайда зор. Ол осы күнге дейін 20 рет ринке шығып, барлық қарсыласынан басым түсті. 13 бәсекені нокаутпен аяқтады. Соған қарамастан Құлахмет Рондонды бірінші раундта ұрып жығып, бірінші орта салмақтағы өзіне тиесілі WBC International нұсқасы бойынша алтын белбеуді сақтап қалды.

Бақытбектің бағы жанды



Өткен аптада әскери қойын-қолтық күрестен және өзін-өзі қорғау бөлімінде ерлер және әйелдер арасында ҚР чемпионаты өтті. Айтулы аламан Ақмола облысындағы Шүчинск қаласында болды.

Сайысқа қатысушылардың жеңіске деген ұмтылысы жоғары болды. Әлбетте, ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы департаментінің ефрейторы Бақытбек Сәрсенғалиұлы Үмбетқұловтың дайындығы тыңғылықты екені байқалды. Дүбірлі додада 90 келі салмақ дәрежесінде ешімге дес бермей, ақтық сайыста қарсыласынан

айласын асырып, нәтижесінде Шекара қызметінің жасыл туын желбіретіп, алтын медаль олжалады.

Алтын жүлдеге қол жеткізген спортшылар Қазақстан құрамасы атынан, ел намысын 2021 жылдың 4-8 маусымы аралығында Өзбекстанның Ташкент қаласында өтетін әлем чемпионатында қорғайды.

Ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қырағы қорғауда спорттың дене мен рухты жаттықтырудағы маңыздылығын ұран қылып, сенімді қызмет атқарып келе жатқан жерлесіміз Ташкентте алтын жүлде алар деген үміттеміз.

Т.СЕРІҚАЛИЕВ

Жарыс басталды

Қырғызстанның астанасы Бішкекте дзюдодан Азия мен Мұхит жағалауы елдерінің біріншілігі басталды. Бұл жарысқа 30 мемлекеттен келген 215 балуан қатысады.

Қазақ елі намысын 17 өреніміз қорғайды. Ұлттық командамыздың бас бапкері Ғалымжан Жылғелдиев айтулы додаға ең үздік шәкірттерін қосуды құп көрген екен. Атап айтсақ, Бішкекте Елдос Сметов пен Ғұсман Қырғызбаев (60 кило), Елдос Жұмаханов (66 кило), Жансай Смағұлов (73 кило), Дидар Хамза мен Руслан Мұсаев (81 кило), Ислам Бозбаев (90 кило), Айбек Серікбаев (100 кило) және Ерасыл Қажыбаев (+100 кило) сынды сайыпқырандар белдеседі.

Ал әйелдер сайысында Отгонцэцэг Галбадрах пен Әбиба Әбужақынова (48 кило), Ғалия Тынбаева мен Нұрсұлу Ералиева (52 кило), Севара Нишанбаева (57 кило), Иоланта Бердібекова (63 кило), Зере Бектасқызы (70 кило) және Камила Берліқаш (+78 кило) татамиге шығады.

Бетті дайындаған Ерасыл ШӘРІБЕК

КӘСІП ЖҮРГІЗУДІ ҮЙРЕТЕТІН 4 КИНО



КӘСІП БАСТАМАС БҰРЫН КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ САЛАНЫ
ЗЕРТТЕП, ТАЛДАУ ЖҮРГІЗІП, БИЗНЕС ЖАЙЛЫ КІТАП ОҚЫП,
ТРЕНИНГКЕ ҚАТЫСАДЫ. БҰЛ ҚАТАРҒА БИЗНЕС ЖҮРГІЗУ
ЖОЛЫН ҮЙРЕТЕТІН КИНО ТІЗІМІН ҚОСАМЫЗ.

How to Make It in America (Америкада қалай жетістікке жетуге болады)



Ел: АҚШ, 2010 жыл
Жанр: комедия, драма
Ұзақтығы: 16 серия

Миллиардер Бобби Аксельрод пен
прокурор Чак Родс арасындағы қақтығыс.
Прокурор Чак Родс Боббидің қаржы
компаниясы заңсыз іспен айналысады және
ол миллиардтаған қаражатты адал жолмен
таппайды деп айып тағады. Әділдік әлде
ақша? Шытырман оқиғаға толы кино кез
келген адамды бейжай қалдырмайтыны
анық.

Көктемгі сән - 2021: тоқыма жилет



Бүкіл әлемдік пандемия күнделікті
тұрмысқа ғана емес, көптеген
адамдардың өмірге
көзқарасына да әсер етті.

Мысалы, қыста ғана сән
әлемі Кендалл Дженнердің
инстаграмдық тренд киімдерден
бас тартып минималистік The
Row стиліне қарай ауысқанын
талқылаған еді. Кейін оны
қайталағандар аз болмады.
Енді модельдің осы көктемгі
ұстанымына да қызығушылар
легі бірден лап етіп отыр.
Нақтырақ айтсақ, Кендалл
соңғы кездегі стрит-стайл
арқылы сәнқойларды 1970
жылдарға саяхаттауға
шақырғандай болды.
Ол Нью-Йорк
қаласының көшелерінде
түрлі түсті трикотаж
жилет, хаки түсті шалбар
мен классикалық лофер
киіп серуендеп жүрген
жерінен фотографиялар
көзіне түсті. Burberry
бағет сөмкесімен
толықтырылған мінсіз
образ әлеуметтік
желіде трендке
айналып үлгерді.
Бұл қыстағы
минималистік
бағыттан ауытқу
болғанымен,
көктем кезінде
киюге жарасып-ақ
тұр.

Mad Men (Ессіздер)



Ел: АҚШ, 2007 жыл
Жанр: драма
Ұзақтығы: 92 серия
Сериялдың басты кейіпкері – Дон
Дрейпер. АҚШ-тағы «Стерлинг Купер»
агенттігінде жарнама бойынша жұмыс
істейді. Дон өнімді ұсынуды, адамның
эмоциясымен ойнап сату жолын
үйретеді. Сонымен қатар Донның
еріптестерінің де өнімді сату жолындағы
қызықты оқиғалары баяндалады.
Кәсібіңіздің өнімін қалай сатып
бастаймын деген ой мазаласа, киноны
міндетті түрде қараңыз.

Start-Up (Стартап)



Ел: Ресей, 2014 жыл
Жанр: драма
Ұзақтығы: 92 минут
Киноның үш бас кейіпкері – бір-
біріне мүлдем ұқсамайтын адамдар.
Ник – әкесінің компаниясында
жұмыс істейтін қаржыгер. Иззи –
бағдарламашы (программист). Ал
Рональд – жергілікті бандиттер тобының
басшысы. Иззи өзінің жобасы үшін ақша
іздейді және оны Никтен алады. Кейін
оларға Рональд қосылады. Қылмыстық
өмірден алшақтап, отбасының болашағы
жарқын болғанын қалайды.

Six Feet Under (Клиент әрдайым өлі)

Ел: АҚШ, 2005 жыл
Жанр: драма
Ұзақтығы: 63 серия
Фишер – белгілі кәсіпкер. Қайғылы
оқиғадан көз жұмады. Отбасылық
кәсіпті ұлдары жалғастыруы
керек. Бұған дейін тату болмаған
ағайындылардың қарым-қатынасы
осы жағдайдан кейін тіпті
шиеленіседі. Фишердің бизнесін
жоюға тырысқан компаниялар да
пайда болады. Кәсіпті қайта аяққа
тұрғыза ала ма әлде құрбымға кете
ме? Сұрағыңызға жауап алу үшін
міндетті түрде киноны көріңіз.



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 30 ЖЫЛ

Бірлігі жарасқан-ел

Быыл барлығымыз үшін
ерекше жыл – Мемлекет
Тәуелсіздігінің 30 жылдық
мерейтойы. Қазақстан Халқы
Ассамблеясы тақырыбында
жасалған бұл графикалық
иллюстрациялар әр этностың
ұлттық киімін, рухани
құндылықтарын, мәдени
мұраларын сурет арқылы
көрсетеді. Тәуелсіздіктің
30 жылдығына орай
жасалған иллюстрация
топтамасы жастардың



достық, ынтымақтастық,
көпұлтты Қазақстан туралы
білімін кеңейтеді. Жас ұрпақ
тәрбиесінде осындай түрлі түсті
туындылардың маңыздылығы
зор. Иллюстрация мақсаты
– бір шаңырақ астындағы
көпұлтты халқымыздың бірлікпен,
татулықпен өмір сүріп жатқанын
бейнелеу.

София ТЕМІРБОЛАТ,
«Ақмешіт» гуманитарлық-
техникалық институтының
студенті

(7-15 сәуір)

JULDYZ - JORAMAL



ТОҚТЫ

Пайдасы тиетін ықпалды таныстармен
қарым-қатынасыңызды жақсартыңыз. Сонда
мансап баспалдағымен көтерілу мүмкіндігі
туады. Өріптестер арасындағы абыройыңызға
да жақсы әсерін тигізеді. Өзіңізге сенімді
болсаңыз, осы аптада біршама биікті
бағындырасыз.

ТОРПАҚ

Дәл қазір сізге ең керегі – бойыңызды
босаңсытып, тынығу. Жеке өмірде орын
алатын кез келген тосын сыйға іштей
дайын жүріңіз. Егер ол жайсыз болса,
еш мойымаңыз, келесі кезек жақсы
тосын сыйдікі. Ойыңызда көптеген жақсы
идеялар туындайды. Жалқаулықтан
арылып, идеяларыңызды жүзеге асыруға
талпынсаңыз, табыс пен нәтижеге жетесіз.



ЕГІЗДЕР

Алдағы аптада кез келген жағдайда
барынша сабырлық сақтауға
тырысыңыз. Сізді арандатқысы келген, сол
арқылы абыройыңызға нұқсан келтіруді
қалайтындардың құрығына ілінбеңіз.
Бұл аптада ешкімнен қарыз сұрамаңыз,
ешкімге қарыз бермеңіз.

ШАЯН

Бұрыннан келе жатқан шиеленіскен
мәселенің бір ұшығы қолыңызға ілігеді.
Сәтін жіберіп алмаңыз. Сол ұштан
«тартып» қалсаңыз, көптеген түйінді
тарқатасыз. Көптен күткен қаржы
қалтаңызға түседі.



АРЫСТАН

Айналаңызға тыныштық орнатыңыз.
Себебі, бұл аптада сізге жұмсалған
қуаттың орнын толтыру қажет. Мүмкін
болса, мойныңызға көп міндет алмаңыз.
Біреумен ренжісесіз, татуласуға алғашқы
қадамды өзіңіз жасаңыз.


БИКЕШ

Бірнеше істі мойынға қатар іліп алмаңыз. Өзіңіз үшін ең
маңыздысын анықтап, сонымен ғана жұмыс
істеңіз. Қызметтегі белсенділік – бұл мақтауға
тұрарлық дүние. Дегенмен, денсаулық бөрінен
маңызды. Сондықтан шаруаларды аздап
кідіртеп, денсаулығыңызға мән беріңіз. Жаңа
жоспарлар құрамын деп, бұрынғы аяқсыз
қалған шаруаңызды естен шығармаңыз.



ТАРАЗЫ

Ойға алған шаруаларды жүзеге асыруға
батыл кірісіңіз. Бұл жолда еріптестерден
көмек сұрап, қол ұшын созғандарды кері
итермеңіз. Өсек-аянға мән бермеңіз.
Салдарынан қате қадам жасасаңыз, зардабы
өзіңізге тиеді.




САРЫШАЯН

Бұл аптада табиғат аясында сейіл құрып,
сапарға шықсаңыз, сәттілікке кезігесіз. Шығыны
да аз болады. Қосымша табыс түскелі тұр.
Қолыңызға тисе, өзіңіз бен жақындарыңызды
қуантуға жұмсаңыз. Бұл сізге позитив пен
жағымды энергия береді, адамдармен қарым-
қатынасыңыздың жақсаруына септігін тигізеді.



МЕРГЕН

Сәтсіздіктер кезеңі артта қалды. Қай істі
қолға алсаңыз да, сәттілікпен қуантады.
Дәл осы уақытты тиімді пайдаланып,
шығармашылықпен айналысыңыз. Жаңа
нәрсені үйреніп, таным көкжиегіңізді кеңейтіп,
жаңа қырыңызды ашуға талпыныңыз.



ТАУЕШКІ

Жанын салып, асқан қызығушылықпен
жұмыс істеуге әдеттенгендер үшін сәтті апта.
Жетістік пен мол табысқа кенелу мүмкіндігі
жоғары. Басталған істі соңына жеткізуге және
ұзақ мерзімді жоспар құруға қолайлы сәт.
Көптеген жағымды таныстық пен қызықты
шаралар күтіп тұр.



СУҚҒЫЫШ

Белсенді болыңыз. Бұл аптада алға
қойған мақсатқа жетуге еңбек етіңіз.
Бойыңызда тың күш пайда болады. Ал егер
апталық демалысты тиімді пайдаланғыңыз
келсе, аздап босаңсып, еркінсуге рұқсат.
Мұндай жағдайда бар уақытты жеке өмірге,
отбасына арнаңыз.



Кезекші редактор: М.САБЫРЖАН

АҚМЕШІТ
жастары

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат
және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып,
№13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті
жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@mail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8516
Тапсырыс №497